

ЛЕНИН ТУУЫ

ҚАЗАҚСТАН КП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ, ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТТЕРІНІҢ ЖӘНЕ ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

195 (9772) 1955 жылғы 1 октябрь Сенбі

Шығуына 36 жыл. жеке саны 20 тыйын.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы (1-бет).

СОКП XX СЪЕЗІ ҚҰРМЕТІНДЕГІ СОЦИАЛИСТІК ЖАРЫСТА ЖАҢА ТАБЫСТАРҒА ЖЕТЕ БЕРЕТІН БОЛАЙЫҚ: М. Иофин. — Львов вагоншыларының әдісімен. В. Казанцев. — Табысты еңбек. Қ. Шұңғылшин. — Озат сауыншы (1-бет).

СОВЕТТІК ҚАЗАҚСТАН (1-бет). ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ: А. Пономарев. —

Коммунистер астық үшін күрестің ұйымдастырушысы болды (2-бет).

БАРЛЫҚ ЖАЗДЫҚ ЕГІС ТАНАБЫ ҮШІН ЗЫБЫ ЖЕТКІЛІКТІ КӨТЕРІЛСІН: Т. Құлатаев. — Алдыңғы қатарлылардың іс тәжірибесі қолдау таппай отыр.

БҮКІЛОДАҚТЫҚ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ КӨРМЕСІНДЕ (2-бет).

Колхоздардағы мәдени-ағарту жұмыстары жақсарғысын (3-бет).

РЕДАКЦИЯҒА ХАТ: С. Қалимұлин. — Кривовтың бұйрығымен (3-бет).

ОБЛЫСЫМЫЗДА (3-бет). Н. Есімов. — Сеніз жаңа ұсынысты авторы (3-бет).

БҰҰ БАС АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ X СЕСИЯСЫ (4-бет).

ССРО Жоғарғы Советі делегациясының Югославияға баратын сапары туралы (4-бет).

Шетелдік хабарлар (4-бет).

БАСПАСӨЗ ТАРАТУ—САЯСИ МАҢЫЗЫ ЗОР НАУҚАН

Баспасөз — Коммунистік партияның қалың бұқарамен күн сайын, сағат сайын оның өз тілінде сөйлесіп отыратын ең өткір, ең күшті құралы. Демек, советтік баспасөз халықтық баспасөз болып табылады, ол оның, халықтың мүддесі үшін, оның тілек, мұқтажын орындау үшін қызмет етеді. Міне, сондықтан да баспасөз біздің халқымыздың тұрмысына берік енді. Газет, журнал және кітап оқу әрбір совет адамының, әрбір жұмысшының, қолхозшы мен қызметшінің түпкілікті әдетіне, рухани қажеттілігіне айналды.

Әрбір совет адамы газет оқу оның ой-өрісін кеңейтіп, рухани жағынан байыта түсегіндігін және оның қоғамдық еңбекке белсене қатынасуына көмектесетіндігін жақсы біледі.

Коммунистік партия мен Совет Үкіметі халқымыздың әл-ауқат және мәдениет дәрежесін барған сайын жақсарту беру жөнінде қамқорлық жасауда. Халқымыздың мәдениет дәрежесінің арта беруінің қайнар көздерінің бірі баспасөз екендігі мәлім. Партиямыз баспасөзді дамытуға үнемі қамқорлық жасап келеді. Мұны Советтік Қазақстанның мысалынан-ақ айқын көруге болады. Көзір біздің республикамызда қазақ, орыс, өзбек, ұйғыр, қорей және чечен тілдерінде 9 республикалық, 33 облыстық, 250-дей қалалық және аудандық газеттер, ондаған журналдар басылып шығады. Біздің облысымыздың өзінде қазақ және орыс тілдерінде екі облыстық, 12 аудандық газеттер шығарылады. Таяу күндерде тың және тыңайған жерлер игеретін жаңа совхоздардың бірсыпырасында көп тиражды газеттер шығарыла бастайды.

Бүгіннен бастап қалаларда, деревняларда, кәсіпорындарында, колхоздар мен совхоздарда, барлық ұйымдар мен мекемелерде жаңа — 1956 жылға газеттер мен журналдарға жазылу басталады. Бұл — саяси маңызды өөр науқан. Бұл науқанға біздің облысымыздың байланыс органдары жылдарыдан бері жақсы әзірлікпен кіріскелі отыр. Облысымыздың колхоз, совхоздарында, МТС-тері мен кәсіпорындары

ланғы органдары мен партия ұйымдарының абройлы міндеті.

Баспасөз тарату — күрделі жұмыс. Сондықтан оны шеберлікпен ұйымдастыра білу керек. Ең алдымен еңбекшілерге елімізде шығатын газет, журналдар жөнінде, олардың әрқайсысының сыйпаты жөнінде түсінік жұмыстарын жүргізген жөн. Жұмысты бұлай ұйымдастыру баспасөз таратуды үлгілі өткізуге көмектеседі.

Баспасөз таратуда үстірттікке, ұйымсыздыққа жол беруге болмайды. Алдымен газет, журналдарға жазылуы еңбекшілердің жұмыс істейтін жерлерінде — кәсіпорындарында, колхоздар мен совхоздарда, мекемелер мен оқу орындарында ұйымдастырып, бұған баспасөз тарату жөніндегі қоғамдық уәкілдерді белсене қатынастыру қажет. Сол сияқты, баспасөз тарату жұмысына колхоздардың хат тасушыларын да түгел қатынастыру керек.

Баспасөз тарату — партия ұйымдарының төл ісі. Партия ұйымдары алғашқы күндерден бастап баспасөз таратуға нақты бағытты жасауда, бұл жөнінде байланыс органдарына күнбе-күн көмек көрсетіп отыруға міндетті. Облысымыздың бірқатар партия комитеттері баспасөз таратуға әзірлікті тыңғылықты ұйымдастырды. Мәселен, Петропавл қалалық партия комитеті байланыс, баспасөз қызметкерлерін қатынастыра отырып, баспасөз таратуды ұйымдастыру жөнінде бастауыш партия ұйымдары секретарьларының кеңесін өткізді. Ол кеңесте баспасөз таратуды қалай үлгілі өткізу керек екендігі жөнінде нақтылы шаралар белгіленді. Сол сияқты, Булаев аудандық партия комитеті де бұл аса маңызды саяси науқанға тыңғылықты әзірлік жұмыстарын жүргізді.

Бастауыш партия ұйымдары баспасөз таратуға белсене қатынасып, бұл жұмысты ұйымдастыруда байланыс қызметкерлеріне күнбе-күн нақты көмек көрсетуге тиіс. Бастауыш партия ұйымдары таяу күндерде партия жыйналыстарын,

СОКП XX съезі құрметіндегі социалистік жарыста жаңа табыстарға жете беретін болайық!

Еңбек өрлеуі

Облыстық кәсіпшілік советі жүйесіндегі «Екпінді» кәсіпшілік артелінің коллективі партияның XX съезінің ашылу күніне өндірістік лайықты тарту әзірлеу жолындағы жарыста жаңа табыстарға жетіп келеді.

Артель мүшелері шығарылатын өнеркәсіп өнімнің сапалы, берік және әсем болуын қамтамасыз ете отырып, үстіміздегі жылдың өткен сегіз айлық өндірістік тапсырмасын 109,3 процентке орындап шықты. Мұнда еңбек өнімділігі едәуір артып, өзіндік құн кемі түсті. Коллективтің қол жеткен табысы сентябрь айында да бағанды етілді. Сөйтіп тоғыз айлық жоспар мерзімінде толық және асыра орындалды.

Артельдің ерлер басқимдерін тігетін цех (бастығы Галиуллин жолдас) коллективті жыл басынан бері үздік еңбек етіп жүр. Бұл цехта сменалық, айлық тапсырмаларды асыра орындамайтын бір-бір жұмысшы жоқ.

СОКП XX съезі құрметіндегі жарыста, әресе Татьяна Сенина жолдасының еңбегі ерекше көзге түсті. Ол сменалық тапсырмасын 130—140 процент орындап отырады.

С. АБУШЕВА,

Қаладағы «Екпінді» кәсіпшілік артели партия ұйымының секретары.

ТАБЫСТЫ ЕҢБЕК

Приешім ауданындағы Казанович атындағы колхозда быыл қартоп өгісінің көлемі өткен жылғыдан едәуір ұлғайтылды. Колхозшы Любых жолдас басқаратын отордылар бригадасы жазғы маусымда қартопты агротехникалық ережелерге сай күте отырып, мол өнім алуды қамтамасыз етті.

Бұл күндері бригада мүшелері съезд құрметіндегі жарысты көңілмен өрістетуде. Олар жұмыстың алғашқы екі күнінде колмен 9 гектар қартоп қазып, әрбір гектарынан 90 центнерден өнім алды. Қартоп жыйнау үшін Приешім МТС-і колхозға бір қартоп жыйнайтын комбайн

Львов вагоншыларының әдісімен

Львов вагон депосының коллективі вагон жөндеудің жаңа технологиялық процесін жүзеге асырды. Соның нәтижесінде бір вагонды жылдық жөндеуден өткізу техникалық нормадағыдан екі есе шапшаңдатылып, шебары төрт сағат ішінде аяқталады. Вагондардың бос тұруы 6 есе кемітіледі. Бұл сыяқты тиімді жаңа технологиялық процесс батыл қолдау тауып, еліміздің вагон жөндеу деполарында өндіріске батыл енгізіле бастады.

Петропавл вагон участогінің коллективі львовтықтардың жаңа технологиялық әдісі бойынша жұмыс істеу үшін вагондарды жылдық және орта жөндеуден өткізетін цехтарда арнаулы комплексті бригадалар ұйымдастырды. Мұнда өндірістің ең бір шешуші буындарына өндірістік тәжірибесі мол еңбек озаттары іріктелініп, жұмысқа орналастырылған. Барлық техника мен құрал-жабдықтардың жоғары өнімді жұмыс істеуі қамтамасыз етіліп, шарын механизмдерді пайдалану ісі едәуір жақсара түсті.

Вагондардың жөндеуде босқа тұруы бұл күндері шұғыл мәмітілуде. Комплексті бригада жұмыс істегенге дейін вагондарды орта жөндеуден өткізудегі норма орындалмай келгенді. Көзір бір вагонды орта жөндеуден өткізу нормадағыдан 18 сағат, жылдық жөндеуден өткізу 7 сағат, ағымдағы жөндеуден өткізу біржарым сағат уақытқа дейін кемітілді.

Коллективтің социалистік жарыс қорытындысы цехта көрнекті жерге ілінген. Мұнда цех адамдарының қол жеткен табыстары айқын бейнеленеді. Июль айында жоспарланған 84 вагонның орнына, 92 вагон, ал август айында 94 вагон орта жөндеуден өткізілген. Ал сентябрь өндірістік жаңа табысқа жеткен ай болып саналады. Өйткені бұл айдың өткен 25 күні ішінде 96 вагон орта жөндеуден өткізіліп отыр. Цех адамдары

рып, ай сайын 22 вагонды жөндеуден өткізудің орнына, 28—29 вагон жөндеп пайдалануға беріп жүр. Сентябрь айында бригада коллективі 32 вагонды жөндеуді ұйғарып, еңбек өнімділігін бұрынғысынан да арттырып отыр. Жас жетеліші Михаил Шатохин, слесарь Леонид Приемышев, Анатолий Литвинов және басқалары смена сайын тапсырманы 330—350 проценттен орындайды.

Жұмысты жаңа техникалық процесс бойынша істейтін Золотухин жолдасының бригадасы Павел Брянцев жолдас басқаратын бригадамен өзара социалистік жарысқа түскен еді. Көзірде Брянцев жолдасының бригадасы да социалистік жарыста жақсы көрсеткіштерге жетіп отыр.

Жаңа технологиялық процестің вагондарды жөндеуден өткізгенде еңбек өнімділігінің жоғары болуына да зор көмегі тигі. Бұрын ай сайын еңбек өнімділігі 120 проценттен аспайтын болса, көзір 260 процентке дейін жетіп жүр. Сол себепті цех адамдары 1955 жылға белгіленген өндірістік тапсырманы Октябрь революциясының 38 жылдық мерекесіне дейін толық орындап шығуды шөздеп отыр.

Технологиялық әдіс бойынша бір доңғалақ шарын жонып, дайындауға 135 минут уақыт кететін еді. Бір сменада әрбір доңғалақ бар болғаны 2-3 доңғалақ шарын дайындай алады. Осы цехтың тоқарі Поздняков жолдас еңбекті дұрыс ұйымдастырған күнде өнімді бұдан әлдеқайда көп шығаруға болатындығын дәлелдеп отыр. Ол смена сайын 12-15 доңғалақ шарын дайындап шығарады. Ал жұбықтары күндердің бірінде 69 минут уақыт ішінде үш доңғалақ шарын жонып дайындап үздік табысқа ие болды. Содан кейін ол өзінің мүмкіндігін есептей келіп, смена сайын 20 доңғалақ шарын жонып беруді міндеттенді. Бұл озат тоқарының СОКП XX съезі құрметіндегі

Озат сауыншы

Ленин ауданындағы «Путь к социализму» колхозының сауыншысы Валентина Саютина жолдас өткен жылы қарауындағы әрбір сыйырдан 1950 литр сүт алып, зор табысқа жеткен болатын. Ол өткен қыста ауыл шаруашылығы алдыңғы қатарлыларының облыстық мөлхатында үстіміздегі жылы әрбір сыйырдан 2300 литр сүт алуға міндеттенгенді. Валентина алған міндеттемені орындау жолында қажырлы еңбек етті. Сыйырларды сауу, бағып-күту жұмыстарында зоотехникалық - малдәрігерлік ережелерді мұқият жүзеге асырды.

Мұның өзі Саютина жолдасының зор табысқа ие болуына қолайлы жағдай жасады. Ол 15 сентябрьге дейін әрбір сауын сыйырдан 2300 литр сүт сузып, міндеттемені мерзімінен бұрын орындап шықты. Сол сияқты қарауындағы бұзауларды шығынсыз өсіріп, отарға қосты.

Тәжірибелі сауыншы партиямыздың XX съезі құрметіндегі социалистік жарысты кеңінен өрістетте отырып, 1 октябрьге дейін тағы да әрбір сыйырдан 100 литр сүт алуға міндеттеніп, аброймен орындады.

Саютина жолдасының еңбегі жоғары бағалануда. Колхоз басқармасы оған қосымша еңбекақыға 22 центнер сүт берді.

Қ. ШУҢҒЫЛШИН.

ШОФЕРЛАР ӨЗІРЛІГІ

Преснов ауданындағы «Красный партизан» колхозының жабық қырмандары колхоз орталығынан 10—15 километр жерде. Қырмандағы астықты колхоздың астық қоймаларына және мемлекеттік астық дайындау пункттеріне тасымалдауда колхоз шоферлары Петр Бурыкин және Сұлтан Бексұлтанов жолдастар автотомашиналардың қуатты сарқа пайдалану нәтижесінде тәуліктік тапсырманы біржарым-екі есеге жеткізе орындайды.

Ауданның Маленков атындағы колхозында шофер болып істейтін Петр Ваганов, Тит Плотников жолдастар да өгін

ұйымдастыру жөнінде 400-ге жуық пункттер ашылып, бұл жұмысқа 120 байланыс агенттіктері мен 350 хат тасушылар (ауыл-селолық жерлерде) тартылды. Мыңнан аса баспасөз таратушы адамдар іріктеліп алынды. Олардың ішінде жұмысшылар, колхозшылар, ауыл шаруашылығы мамандары мен инженер-техник қызметкерлері бар. Баспасөз таратуды үлгілі өткізуге бағытталған басқа да ұйымдастыру жұмыстары жүргізіліп, шаралар белгіленді.

Іеті ұйымдастыру үшін нақтылы шаралар белгілеу — игілікті іс, бірақ ол алдағы зор жұмыстың бастамасы ғана. Міндет — белгіленген шараларды тырнақтылықпен жүзеге асыра отырып, жұмысты яғни баспасөз таратуды іскерлікпен ұйымдастыра білуде. Алғашқы күндерден бастап баспасөз таратуды үлгілі ұйымдастыру, сөйтіп еңбекшілердің газет, журналдарға жазылу жөніндегі өскелең тілегін тыңғылықты өтеу — бай-

жұмысшылар мен қызметшілер айналыстарын өткізіп, оларда газет, журналдарға жазылу жөнінде мәселе қарауды ұйымдастырулары керек.

Партия ұйымдары мен байланыс қызметкерлері ең алдымен ғылым, техника жаңалықтарын, алдыңғы қатарлы агрономия мен зоотехниканы насихаттайтын журналдарды, жергілікті газеттерді шебірек таратуға баса назар аударатын болсын.

Баспасөз таратуды ұйымшылдықпен өткізу еңбекшілер бұқарасының саяси және өндірістік белсенділігін арттыра беруге көмектеседі.

Әрбір жұмысшы, әрбір колхозшы шаруа мен қызметші газет, журнал жаздырып алатын болсын. Бұған жетісу — партия ұйымдары мен байланыс органдарының абройлы міндеті.

Баспасөз тарату — саяси маңызы зор науқан. 1956 жылға баспасөзге жазылуды үлгілі өткізейік!

Ол үшін...

Колхоз мемлекетке картоп өнімін тасу және көлесі жылдың егісіне тұқым кую жұмыстарын ұйымдастырды. Қазірдің өзінде колхоз мемлекетке 600 центнер картоп тапсырды.

В. КАЗАНЦЕВ.

Күн сайын біржарым норма

Буйбышев атындағы МТС-тің Таптезов жолдас басқаратын трактор бригадасы «Бұлақ» колхозында өнімді еңбек етіп келеді. Механизаторлар егін жыйнаууды үлгілі аяқтағаннан кейін техника күшін дереу зяб жұртуға жұмылдырды.

Жекелеген тракторшылар зяб жыртуда күн сайын біржарым норма орындап келеді. Ондайлардың қатарына тракторшылар М. Нурғалиев, С. Әлібеков және басқаларын қосуға болады.

И. РЫБАНОВ.

Сентябрь айының аяғына дейін тағы да төрт вагонды орта жөндеуден өткізуге міндеттеніп отыр.

Цехтағы комплексті бригадалардың бірін Юрий Золотухин жолдас басқарады. Бригаданың барлық адамдары ынтымақтаса, бірлесіп жұмыс істейді. Олар съезд құрметіндегі еңбек вахтасына тұ-

таманша тартуы болып табылады.

Петропавл вагоншылары халық шаруашылық жүктерін тасымалдауға қажетті вагондардың босқа қарап тұруын кеміте беру, оларды сапалы жөндеуден өткізіп, пайдалануға беру жолындағы күресті барған сайын күшейте береді.

М. ИОФИН.

ӨРЛЕУ ҮСТІНДЕ

Электр өнеркәсіп министрлігінің заводу — халық шаруашылығын электрлендіруге көмекші үлес қосып келе жатқан ірі кәсіпорындардың бірі. Заводтың жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері және қызметшілері СОКП XX съезінің ашылу күніне лайықты өндірістік тарту әзірлеуді ұйғарып, социалистік жарыс туын бұрынғысынан да жоғары көтерді. Сөйтіп олар август айына белгіленген өндірістік жоспарды 101 процент,

ал 8 айлық тапсырманы 105 процент етіп орындап шықты.

Заводта еменалық, айлық, тоқсандық тапсырмаларды әрдайым артық орындайтын, өнімді мол, жоғары сапалы өндіріп, ақау жібермейтін озаттар саны күн сайын көбейе түсуде. Бұлардың қатарында желімдеушілер З. Гриднева, И. Ромашкина және басқалары бар. Бұлардың өндірістік көрсеткіштері — үнемі 300 процент.

С. ҚАЛКЕНОВ.

Совет Одағының Маршалы А. М. Василевскийді Ленин орденімен наградтау туралы

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы

Совет Одағының Маршалы А. М. Василевскийдің туған күнінің алтыс жылдығымен байланысты және оның Совет мемлекеті мен ССР Одағы Қарулы Күштерінің алдында сіңірген аса көрнекті еңбегін ескере отырып, Александр Михайлович Василевский жолдас Ленин орденімен наградталсын.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председатели **К. ВОРОШИЛОВ.**

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретары **Н. ЛЕГОВ.**

Москва, Кремль
29 сентябрь, 1955 жыл.

И. Е. Репиннің туған жерінде

ХАРЬБОВ, 28 сентябрь. (ТАСС). Илья Ефимович Репин Харьковке таяу жердегі Чугуевта туды. Жас баланың суретшілік таланты танылған кезде оны Чугуевтағы икон жасаушы Бунаковқа үйретуге берді. Оның басшылығымен жас Репин анасының, туысқандары мен жақындарының портреттерін жазды.

Чугуев бұдан кейін де суретшінің творчествосымен тығыз байланысты болды. Мұнда ол реформадан бұрынғы шаруалардың ауыр тұрмысымен танысты, қараңғы, тұйық мұжықтарды, солдат қызметіндегі адамдарды көрді.

Харьковтың бейнелеу искусствосы музейінде суретшінің Чугуевта жасаған тамаша портреттері сақталуда. Олардың арасында «Бойынсыз көзді мұжық», «Жасқаншақтар арасынан шыққан мұжық», «Өскерге жаңадан алынған адамды эконелту», «Больш басқармасында» және басқа суреттері бар. Мұнда ол «Курок губерниясындағы кресті жүріс» картинасын жасауды ойластырды.

Суретшінің туған жері адам танығысыз өзгерді. Көзір ол үлкен аудан орталығы. Мұнда орман техникумы, 3 онжылдық және 2 жетіжылдық мектептер, аудандық және балалар кітапханалары, клуб, пионерлер үйі, жазғы театр бар. Көзір шпті жоба бойынша мәдениет сарайының құрылысы басталды.

Пионерлер үйінің жанынан Репиннің атымен аталатын балалар музыка мектебінің филиалы және балалар сурет училищесі ашылды.

Жерлестері ұлы суретшіні қадірлеп еске түсіреді. И. Е. Репиннің қайтыс болғанына 29 сентябрьде 25 жыл толуымен байланысты аудандық клубта үлкен кеш ұйымдастырылды. Балалар сурет училищесінде оқушылар жұмыстарының көрмесі ашылды.

Харьковтың бейнелеу искусствосы музейінің ғылыми қызметкерлері қаланың кәсіпорындарында, мекемелерінде, клубтарында И. Е. Репиннің өмірі мен творчествосына арналған циклді лекциялар оқуды ұйымдастырды.



Рационализаторлар


Алматыдағы былғары-галантереялық фабриканың коллективі өндірісті механикаландыру үшін, өнім шығаруды көбейту үшін күресті күшейтті. СОКП Орталық Комитетінің июль Пленумынан кейін өндірісте ондаған жаңалықтар енгізілген.

Кәсіпорынның механикалық цехында жуырда бұйым пішетін пышақты қайрауға арналған тамаша бір станок пайда болды. Бір түймені басып қалсаң-ақ, ол айнала жөнеледі. Бұрын пышақты қолмен қайрайтын еді. Бұл станокты слесарь Казаченко мен бас механик Гутермахер ойлап шығарған. Олардың инициативасы бойынша ролонды жартылай автоматтық әдіспен тарқататын және металдық ленталарды бөлшектейтін айналымалы қайшылар жасалған. Бұл жұмыста еңбек өнімділігі үш есе артты. Слесарь Бегун жолдас чemoданның фурнитурасына бірден 13 тесік жасайтын штамп ойлап шығарған.

(ҚазТАГ).

Жаңа ғылыми мекеме

Алматыда Бүкілодақтық ауылшаруашылық экономикасы ғылыми зерттеу институтының Қазақстандық филиалы құрылды. Бұл жаңа ғылыми мекеменің міндеті: колхоздардың, МТС-тердің және совхоздардың экономикасына байланысты мәселелерді зерттеу, ауыл шаруашылығын орналастыру, мамандандыру және жоспарлау. Ғылыми қызметкерлерді қабылдау үшін конкурс жарияланды.



Батыс Қазақстан облысы. Орал машина-жол станциясының механизаторлары 150 километрлік Орал — Жымпиты трассасын салуда. Жаңа автострада облыс орталығын жүз мыңдаған гектар тың игеріп жатқан аудандармен жалғастырады. Мұнда жол төсеу толығымен механикаландырылған. Жуықта жаңа грейдер-элеватор жұмысқа қосылды.

СУРЕТТЕ: жол құрылысындағы агрегат. (ТАСС-тың фотохроникасы).

МТС-тегі жеке меншікті құрылыс

ЖАМБЫЛ, (ҚазТАГ). Бұрынғы МТС-інің орталық ұсацбасы күнне-күнге өсіп келеді. Партияның шақыруымен деревняға жұмысқа келген мамандар мен механизаторлар жеке меншікті үйлер салып, шаруашылықтарға ие болуда. Жас тракторшы Бирулин жолдас бұл жерге Крас-

нодар өлкесінен келген еді. Оған үй салу үшін 10 мың сом қарыз берілді. Жуырда Бирулин жолдасының семьясы көрікті жаңа үйге көшіп шықты. Сол сияқты, комбайншы Симаков, Давыденко, Ким, электрик Данилюк, темір ұстасы Рабилов жолдасар да меншікті үй салып алған.

жынау және мемлекетке астық тасымалдау маусымында көзге түсерлік еңбек етті.

С. БАУЫРЖАНОВ

Сөзіне ісі сай малшы

Полудин ауданындағы «Парижская коммуна» колхозының бұзаушысы Лукерья Воспенок жолдас — облыстағы алдыңғы қатарлы малшылардың бірі. Ол жыл сайын өзіне бекітіліп берілген бұзауларды шығынсыз өсіріп келеді.

Воспенок жолдас үстіміздегі жылы 50 бұзауды шығынсыз өсіріп, отарға қосуға серт берген болатын. Ол берген сертті орындау жолында қажырлы еңбек етіп, алған міндеттемесін іс жүзінде орындап шықты.

«Мал баққанға бітеді», деген өте орынды мәтел, — дейді ол. — Менің жылма-жылғы іс тәжірибем осыны дәлелдейді.

Т. НӘКЕНОВ.

Жаңа электролизор

Қазақ ССР Ғылым академиясының химиялық ғылым институты жанындағы электрохимия лабораториясының коллективі электр жолымен мырыш алатын жаңа аппаратты жаңа электролизорді ойлап шығарды. Бұрын болған конструкцияларға қарағанда, бұл аппараттың айырмашылығы — ол мырышты катодтан қолмен ажыратуды керек етпейді. Мұның өзі әрі еңбекті көп тілейтін, әрі денсаулыққа зиянды болатын. Оның үстіне, электролиз процесі шапшаңдайды.

Жаңа электролиздер катодтың сыртындағы мырышты бұрынғыдан 10—15 есе артық алады. Мұны қолдану көптеген жұмысшыларды өндірістің басқа учасқтарына босатуға мүмкіндік береді.

Алматыдағы электрохимиктердің бірінші электролиздері Өскемендегі қорғасын-мырыш комбинатына орнатылды.

(ҚазТАГ.)

Медициналық қызмет көрсету жақсаруда

ТАЛДЫҚОРҒАН, (ҚазТАГ). Отарлы мал шаруашылығы учасқтарындағы медицина пункттерінде жұмыс істейтін фельдшерлердің мамандығын арттыру үшін облыстық денсаулық сақтау бөлімі жанында күре ұйымдастырылды. Күртің тыңтаушылары медицина ғылымының жаңа жетістіктерімен танысаы, жаңа емдеу препараттарын оқып үйренеді.

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ КОММУНИСТЕР АСТЫҚ ҮШІН КҮРЕСТІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫСЫ БОЛДЫ

А. ПОНОМАРЕВ,

КНП Петропавл аудандық комитетінің
секретары

Август айының бас кезінде аудандық партия комитеті бастауыш партия ұйымдарының секретарьларымен және үгітшілер коллективінің жетекшілерімен тұсау-кеңес өткізді. Онда егін орағы кезіндегі бұқаралық-саяси жұмыстарды өрістетуге жайында мәселе қаралды. Бұл кеңесте бастауыш партия ұйымдарының секретарьлары егін орағы кезінде партиялық-саяси, партиялық-ұйымдастыру жұмыстары жөнінде өзара пікір алысты. Аудан қолхоздары мен совхоздарының егін далаларында 375 үгітші жұмыс істейді. Олар комбайн агрегаттарында, қырман басында, дала бригадаларында үгіт-бұқаралық жұмыстарды кеңінен жүргізеді. Егін жыйнау маусымының алғашқы күнінен бастап бұл үгітшілер 750 рет әңгіме өткізді. Басшы партия, совет қызметкерлері 65 рет лекция оқып, баяндама жасады.

Қолхоз бастауыш партия ұйымы жанындағы үгітшілер коллективі егіншілер арасында үгіт-бұқаралық жұмыстарды өрістетуге түседі, үгіт-насихат жұмыстарының барлық түрлері мен әдістерін өмір-еркін қолданды. Әрбір қос басында, қырманда, бригадаларда көрнекі үгіт, дауыстап газет оқу, әртүрлі тақырыптарға әңгімелер өткізу сыяқты жұмыстар ойлағандай жүргізілді. Мысалы «Луч Ленина» қолхозының № 3 дала бригадасындағы қолхозшылар мен үгітші Михаил Шерп 22 рет әңгіме өткізіп, 37 рет газет, журналдар оқуды ұйымдастырды. Бригада басында «Жауынгерлік листоктар» үздіксіз шығарылып отырылды. Дәл осындай жұмыстарды басқа қолхоздардағы үгітші жолдастар да кеңінен жүргізді.

Қолхоз, совхоз коммунистері барлық бригадаларда, комбайн агрегаттарында, қырман бастарында социалистік жарысты мәлімше кең өрсетті. Оған бір мысал: «Луч Ленина» қолхозының егіс даласында комбайншы А. Вагнер жолдас «Сталинец-6» комбайнымен маусымда 1000 гектар егін жыйнауға міндеттеніп, осы қолхоздағы комбайншы М. Ким жолдасы социалистік жарысқа шақырған болатын. Ал комбайншы М. Ким жолдас өз агрегатымен маусымда 750 гектар егін орауға міндеттеніп, Вагнер жолдасын социалистік жарысқа шақыруын қабыл алды. Сентябрь айының 20 күні жалпы жұмыстың барысын қорытындылай келгенде Вагнер жолдас 1000 гектар орнына, 1100 гектар ал комбайншы Ким жол-

дасының қарамастан егін жыйнау мен астық бастыруда қажырлы еңбек етіп, зор табыстарға ие болды. Сталин атындағы қолхоздың егіншілері (председателі Шелкунов жолдас) жоғарғы өнімді техника қуатын сарға пайдаланып, еңбек ұйымдастыру мәселесін жақсартты. Мұнда егін жыйнаудың түйектік әдісі қолданылды. Комбайн бұнақтарымен түсірілген астық дереу қырмандаға жеткізіліп, онда сапалы тазалаудан, келтіруден өткізілді. Ал келтіруден және тазалаудан өткен астықтар көп келіктірілмей, қабылдау пункттеріне жөнелтіліп отырылды. Қолхоз қырмандарының барлығы дерлік отандық жаңа техникамен механикаландырылды.

Дәл осындай нәтижелі жұмыстар Пушкин атындағы (председателі Стеревков, бастауыш партия ұйымының секретары Сазонов жолдас) қолхозда да жүргізіліп, мұнда егін жыйнау 100 процент, мемлекетке астық тапсыру 99,5 процент болып орындалды. Ал Киров атындағы қолхозда да (бастауыш партия ұйымының секретары Жетісов, қолхоз председателі Дирвас жолдас) мемлекетке астық тапсыру жоспарлары артығымен орындалды.

Көптеген қолхоздар мен совхоздардың егін далаларында астық жыйнап жүрген комбайншылар еңбектің тамаша үлгісін көрсетті. Озат комбайншылардың бірі — Георгий Семидорский жолдас. Петропавл МТС-нің қамтуындағы Пушкин атындағы қолхозда егін жыйнаған оның агрегаты техникалық күтіннің нашарлығынан бір сағат та тоқтап көрген емес. Семидорский жолдас өз агрегатын аласа өскен егінді жыйнауға бейімдеп, қайта жабдықтаран болатын. Соның өзінде де егін орағының алғашқы күнінен бастап ол күн сайын 45 гектар жердің егінін жыйнап жетті.


СОБП-ның XX съезі құрметіндегі социалистік жарыстың туын жоғары ұстай отырып, МТС комбайншылары С. Вагнер, В. Адам, социалистік Еңбек Ері Х. Шварц жолдас күн сайын 2—2,5 нормадан орындап отырды. Партияның XX съезінің құрметіндегі социалистік жарыста Асанов МТС-нің механизаторлар коллективі де қалысар емес. СОБП Орталық Комитеті июль Пленумының қаулысымен жіберілген МТС механизатор-

болды. Бұл комбайншылар «Сталинец-6» комбайнымен күніне 20-25 гектар алаңның егінін жыйнады. Егін жыйнау маусымында Асанов МТС-нің Ворошилов атындағы қолхозда еңбек еткен трактор бригадасының механизаторлары да жақсы көрсеткіштерге ие болды. Бұл бригада ны коммунист Грязнов жолдас басқарды. Бригададағы Рокин, Гаун, Евдокимов сыяқты механизаторлар сменалық тапсырмаларын үнемі 150-160 проценттен орындап отырды.

Аудан қолхоздары 25 сентябрьге егін жыйнауды 100 процент, ал мемлекетке астық тапсыруды 83,3 процент етіп орындады. Бұл көрсеткіштер толығынан қанағаттанарлық деп айтуға болмайды. Өйткені аудан егіншілері 20 сентябрьге дейін егін жыйнауды және мемлекетке астық тапсыруды толық аяқтап шығу үшін мүмкіншіліктің бәрі де бар еді. Бірақ кейбір қолхоздар егін орағына нашар дайындықпен келгендіктен егін жыйнауда және астық тапсыруда бұл мүмкіншілік пайдаланылмай қалды. Егін орағына нашар әзірленген және қарқынды бөсендетіл, басқа қолхоздарға ілесе алмаған ауылшаруашылық артелиннің бірі — Ворошилов атындағы қолхоз болып отыр. Қолхоз егін орау, астық тапсыру жұмыстарын ауданның басқа қолхоздарымен бірдей бастады. Алайда, егін жыйнау, мемлекетке астық тапсыру қарқынды алғашқы бір-екі күннен кейін мүлде бөсендеп жетті.

Мұндай кемшілікке жол берілуінің ең басты себебі, қолхоз председателі Кузнецов, бастауыш партия ұйымының секретары Широков жолдас егін жыйнау, астық тапсыру кезінде жауынгершілік сезімді ұмытып, басшылық жұмыстан тыс қалды. Қолхозшылар арасында еңбек тәртібін жөнді ұйымдастыра алмады. Егін жыйнау мен астық бастыруды аса жауапты мезек деп елемейді. Қолхоз қырманында астық тазалау, келтіру және қабылдау пункттеріне жөнелту істері өте сыбыр жүргізілді. Астық келтіргіш машиналар тек бір ғана сменала істеді. Ал қырмандағы тау-тау болып үйіліп жатқан астық жауын-шашынға ұрынды, шығынға ұшырауына жол берілді. Дәл осы сыяқты тәжірибесіз жағдайлар Димитров атындағы, Фурманов атындағы қолхоздарда да орын алып отыр. Бұл кемшіліктердің жол берілуіне МТС басшылары Данилов, Степанов жолдас тар да қыналі деуіміз керек.

МТС басшылары, сондай-ақ стан-



Асанов МТС-інде жұмысшылардың тұрмыс қажетін өтеу мәселесіне зор көңіл бөлініп отыр. МТС-тің орталық усадыбасында жұмысшылар мен қызметшілер үшін жаңа жатақхана салынып, ол жуырда пайдалануға берілді.

СУРЕТТЕ: жаңа жатақханың сыртқы көрінісі.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Барлық жаздық егіс танабы үшін зябб жепкілікті көмерілсін Алдыңғы қатарлылардың іс тәжірибесі қолдау таппай отыр

Полудин ауданының жекелеген қолхоздарында 1956 жылдың егісіне жер әзірлеу Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулысына сай асқан ұйымшылдықпен жүргізіліп жатыр. Мәселен, «Пламя революции» қолхозының қолхозшылары мен механизаторлары егін жыйнаумен бірге зябб жұртуды кеңінен өрістетіп, бұған техника үшін неғұрлым сарға пайдаланды. Осының нәтижесінде қолхозда зябб жұрту жоспары өзіндік өзінде 85 процент орындалып отыр.

Ауданның «Путь к коммунизму» қолхозында да жұмыс қарқынды үдей түсуі. Қолхоздағы Ново-Георгиев МТС-і № 8 және № 9 трактор бригадаларының тракторшылары жер жұртуда сменалық тапсырмаларды үнемі артығымен орындауға жетісті. Осы сыяқты, «Парижская коммуна» қолхозында 3200 гектар орнына, 2205 гектар зябб жұртылып отыр. Қолхозшылар мен механизаторлар барлық күш-мүмкіншілікті жоспарды 10 октябрьге дейін толық орындап шығуға жұмылдырды.

Бірақ мұндай алдыңғы қатарлы қолхоздар ауданда көп емес. Көп қолхоздар зябб жұртуда елеулі өнімділікке отыр.

жауапсыздыққа салынып, көпшілік трактордардың босқа қарап тұруына жол берді. МТС басшылары бұл бригадаларды механизаторлардан тракторларға техникалық күтімді кезінде жүргізіп отыруды қатаң талап етпеді. Міне, қолхоздың зябб жұртуда артта қалуының негізгі бір себебі осы. Киров атындағы қолхозда— зябб жұртуда мүлде артта қалып отырған шаруашылықтың бірі. Мұнда 2200 гектар орнына, 538 гектар ғана зябб жұртылды.

МТС-те зябб жұртудың қарқынды осындай өте-мөте нашар болып отырса да, оған МТС директоры Лосев жолдас қынжылар да емес. Тіпті ол әрбір трактор бригадасына зябб жұртудың күнделік, бескүндік тапсырмаларын тағайындау және ол тапсырмалардың орындалуын қадағалау мәселесін мүлдем ойластырмай келеді.

Ауданда зябб жұртудың барысы баяу болса, бұған алдыңғы қатарлылардың іс тәжірибелерінің көпшілік игілігіне айналдырылмауы негізгі себеп болып отыр. Ауданда зябб жұрту озаттарының тәжірибелерін қолдау ұмыт болған іс.

Жоғарыда біз «Пламя революции», «Путь к коммунизму» және «Парижская

Совет және Британия соғыс корабльдерінің алдағы өзара сапарлары жайында

Осы жылғы июльде, төрт держава үкіметтері басшыларының Женевадағы кезеңі кезінде СССР Министрлер Советінің Председателі Н. А. Булганиннің және Великобританияның Премьер-Министрі Антони Иденнің арасында СССР мен Великобритания соғыс-теңіз флоттары корабльдерінің өзара сапарларын ұйымдастыру жайында ресми емес пікірлер алысқан болатын.

Жуырда Совет соғыс-теңіз командованиясі мен Британия адмиралтействосы өкілдерінің арасында жүргізілген келіссөздердің нәтижесінде соғыс корабльдері топтарының үстіндегі жылы бір мезгілде өзара сапарлар жасауы туралы келісімге қол жетті.

Былай деп жазылды: құрамында «Александр Суворов» және «Свердлов» крейсерлері, «Совершенный», «Смотрящий», «Сметливый» және «Способный» дейтін эскадралық төрт миноносец болатын совет соғыс корабльдерінің отряды Балтық флотының команданышы адмирал А. Г. Головкиннің жалауын тігіп, октябрьдің 12-мен 17-не дейін Англияның негізгі соғыс-теңіз базасы Портсмутта болады.

Нақ осы кезеде құрамында «Триумф» авионосеці, «Аполлоу» дейтін минадан қорғаушы шеме және «Девой», «Диана», «Чифрейн», «Шеврон» дейтін эскадралық миноносецтер болатын ағылшын соғыс корабльдерінің отряды Метрополи флотының команданышы адмирал Майкл Деннидің жалауын тігіп, Ленинградта болады.

Горький облысының қолхоздары мемлекетке сапалы тұқым тапсыру жоспарын мерзімінен бұрын орындады

Горький облысының қолхоздары, СОБП Орталық Комитеті мен Үкіметтің зығыр шаруашылығын өркендету және сапалы зығыр өндіруді көбейтуге қолхоздар мен қолхозшылардың материалдық ынталылығын арттыру шаралары туралы қаулысын орындай отырып, бұл аса маңызды техникалық дақылдың егіс көлемін едәуір арттырды және одан мол өнім алды. Қолхоздар зығырдың тұқымын мемлекетке өткізудің өздеріне белгіленген жоспарын мерзімінен бұрын орындап, быйылғы жылғы мемлекетке зығырдың тұқымын өткізу жөнінде болсын, сол сыяқты зығыр торқасын өткізу жөнінде болсын кемінде екі жоспар орындауды ұйғарып отыр. 1956 жылы облыстың қолхоздарында сапалы зығырдың егіс көлемі кемінде 15 мың гектар артады. Қолхоздарда егіс көлемін арттыруды ескере отырып,

800 гектар егін жыйнағаны анықталды. Осы сыяқты социалистік жарыспен басқа комбайншылар да қамтылған болатын. Социалистік жарыста әрбір қолхозшы, МТС, совхоз жұмысшысы егін жыйнауды қысқа мерзімде аяқтау жолында, мемлекетке астық тапсыруды аброймен орындау мақсатымен аса қажырлы еңбек етті. Аудандағы қолхоздар мен совхоздардың өкілдері ауа райының көйбір қо-

лдіктер мен резервтердің жаңа қорын пайдаланып, техника қуатын сарқа меңгеруде елеулі жетістіктерге ие болды. Машина-трактор станцияларының озат механикаторлары Геннадий Цвещик, Лаврентий Томас, Евгений Атыков социалистік жарыстың инициаторы болып келді. Олар өздерінің қабылдаған көтермелік міндеттемелерін аброймен орындап, еңбек қарқынын күн сайын өселеп арттырумен

нәтижелері егін орағы қызу жүргізіліп жатқан егіс далаларында, комбайн агрегаттарында, қыромандарда, қолхоздарда өте сирек болды.

Аудандық партия комитеті және бас-тауыш партия ұйымдары қолхозшы шаруалар мен МТС, совхоз механизаторларының қажырлы еңбекке жұмылдыра беретін болады.

Ондай қолхоздардың және МТС бригадасының басшылары осы уақытқа дейін тракторларының зыб жыртуға түгелдей қатысуын қамтамасыз етпей келеді. Олар бұл жұмысты теземке қоюшылық сыяқты зыянды әдетке де жол беріп келеді.

Жаңдай, әсіресе, Полудин МТС-нің қамтуындағы қолхоздарда төзгісіз болып отыр. Мұнда жоспар шекарасы 41,7 процент ғана орындалған. Ал МТС қамтыл-тын Чапаев атындағы қолхозда жоспардың орындалуы 30 процентке де жетпейді.

Қолхозда бұл мерзімге дейін зыб жыр-туды тығызлықты ұйымдастыруға мүм-кіндік болды ма? Әрине, болды. Қол-хозда МТС-тің онымен астам қуатты трак-торлары жұмыс істейді. Бірақ МТС бас-шылары ол тракторлардың қалтқысыз жұмыс істеуін қамтамасыз етпейді. Трак-тор бригадаларының бригадирлері істе

удемелі ұйымдастырылғандығын айттық. Сондай-ақ ауданда зыб жыртуды ойда-ғыдай ұйымдастырып отырған трактор бригадалары да аз емес.

Киров атындағы қолхозда Полудин МТС-нің № 18, № 16 трактор бригадалары жұмыс істейді. Осы қолхоздағы екі бригадала жұмыстың барысы екі түрлі. № 16 бригадала 15 аттық күші бар әрбір трактормен 503 гектар жер жұмысталса, Мамышко жолдас басқаратын № 18 бригадала небары 247 гектар ғана жер жұмысталды. Трактор бригадаларының жұмыс нәтижесінің екі түрлі болуына МТС партия ұйымы осы уақытқа дейін мән бермей келеді. Осы фактінің өзі ауданда алдыңғы қатарлылардың іс тәж-рибесі қолдау таппайтындығын көрсетеді.

Т. ҚҰЛАТАЕВ.

тамасыз етілген. Облыстың қолхоздары мемлекетке ішпен тапсыру жоспарын да орындады.

Көп балалы аналарды „Ана медалі“ медалімен наградтау

Жуырда Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы ССРО Жоғарғы Советі Президиумының атынан облысымыздың бір топ көп балалы аналарын «Ана медалі» медалімен наградтады.

І-дәрежелі «Ана медалі» медалімен барлығы 20 ана наградталды. Олардың ішінде Соколов ауданындағы «Путь Ильича» қолхозының мүшесі Ольга Ефимова Белоногова, Қарағанды совхозында тұрушы үй шаруасындағы әйел Нина Николаевна Тасымбаева және басқалары бар.

Насихатшылар семинары

Жуырда РКП Ленин аудандық коми-теті қолхоздар мен совхоздарда жұмыс істейтін насихатшылар семинарын өткізді. Оған 48 адам қатысты. Насихатшылар РКП аудандық комитетінің секретары Сарсенбаев жолдасының «Партия мен үкметтің ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету жөніндегі қарарлары», аудандық пар-

тия комитетінің Буйбышев МТС-і аймағы бойынша секретары Рыбаков жолдасының «Социалистік өнеркәсіпті оған әрі дамыту және техникалық прогресті жақсарту жөніндегі міндеттер», аудандық партия комитеті насихат және үгіт бөлі-мінің меңгерушісі Козаленко жолдасының коммунистердің білімін көтеруді ұйымдас-

тыру міндеттері туралы баяндамаларын тыңдады.

Семинар соңында РКП аудандық коми-тетінің бірінші секретары Супрунов жолдас аудан партия ұйымдарының бү-гінгі таңдағы алда тұрған міндеттері туралы сөз сөйледі.

Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінде

Қазақ ССР павильонының бүгінгісі

Москвада, Бүкілодақтық ауылшаруашы-лық көрмесіне еліміздің түскір- түскір- ршен күн сайын мыңдаған адамдар келе-луде. Халық университетіне тек ауыл шаруашылығының ерекшеліктері ғана емес, сонымен бірге өнеркәсіп, мәдениет қызметкерлері де, студенттер де, мектеп оқушылары да назар аударуда. Демалыс-тарын астанада өткізетін еңбекшілер, ту-ристер көрменің тұрақты қонағы болып өспейтіндей. Тіпті өңір бара жатқан жо-лаушылар да Бүкілодақтық ауылшаруа-шылық көрмесіне келуге уақыт табу үшін амал-айла іздеп бағады.

Көрмеде 76 павильон бар. Бірақ Қазақ ССР-нің павильонына келмей жеткен адам немен-сайқ. Совет адамдары, қай жерден келсе де, Қазақстанның кең жа-зық далаларында тың және тыңайған жерлерді игеру жұмысы қалай жүріп жатқанын білгісі келеді, жаңадан қоныс-танғандардың тұрмысына көңіл бөледі.

Қазақ ССР павильонының экспозиция-ларында көптеген жаңалықтар бар. Негізгі залдың ортасына биік қондырғы орнатылған. Бұл қондырғы өткен жылы жоқ еді. Соңғы цифр көрсеткіштері мен заттай экспонаттар сол жерде көрсетіле-ді. «Қазақстанның қолхоздары, МТС-тері мен совхоздары, — деген айқын жа-зуға, — 1956 жылы астықтан 1 мил-лиард 300 миллион пұт жалпы өнім алу жолында күресуде». Жаңа астық совхозының орталық үлгі усадьбасының макеті, тың және тыңайған жерлер иге-рілетін аудандардың негізгі топтырақтар-ының тұтас көрсеткіші, өсімдік шаруа-шылығының өнімдері көрсетілген.

Бұдан кейін көрушілер тақырыпты стендтерді аралап көруге көшеді. Жаңа стендте республиканың тың жерлерді игеру жөніндегі озат облыстары — Пав-лодар және Алматы облыстары туралы айтылған. Бұл өлшелерде жаңадан қоныс-

танған 70 мың адам жұмыс істейді. 1954 жылы Павлодар облысында астық-тың жалпы түсімі 1953 жылғымен са-лдыстырғанда үш есе артты. Жаздың өте құрғақ болғанына қарамастан, жаңа жер-лерді игеру есебінен павлодарлықтар кө-зір де көп астық жыйнауда. Осы облыс-тағы таңдаулы Беловодск МТС-і туралы көрмеде толық баяндалған.

Ақмола облысының қолхоздары мен совхоздары 1956 жылдың егісіне арнап-тың және тыңайған жерлерді жырту жө-ніндегі тапсырманы едәуір асыра орын-далды. Бұл облыстың қолхоздары мен совхоздары 1 миллион 662 мың гектар жер жыртып — бұл өткен жылғы осы уақытта жыртылғандардан 360 мың гектар артық болады. Бұл облыста екі жылда небәрі 3.308 мың гектар тың және тыңайған жер жыртылған. Облыста егістік жер көлемі 1953 жылғымен са-лдыстырғанда екі жарым есе ұлғайды. 77 жаңа астық шаруашылықтары оларға бөлініп берілген тың алқаптардың бәрін дерлік жыртып.

Республиканың суармалы егіншілігін дамытудағы, өскелең мал шаруашылығы-на тұрақты жеміш базасын жасаудағы жетістіктері туралы көзбе-көз түсінік беретін механикаландырылған стендтер экскурсияшыларда үлкен ықпал тудыру-да. Бұл стендтер совет өкіметі жылдарын-да экономикасы мен мәдениетін дамытуда орасан зор табыстарға қолы жеткен, ССРО халықтарының достық семьясында коммунистік қоғамды ойдағыдай орнатып жатқан қазақ халқының даңқты жолын суреттейді.

Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрме-сіне қатысушылар санының тез өсуі Қа-зақ ССР-нің ауыл шаруашылығын дамы-тудағы табыстарын көрсетеді. Кәзір Мос-квада 702 шаруашылық және 18.589 озат қолхозшылар, совхоздар қызметкер-

лері мен механизаторлар өздерінің жеті-стіктерін көрсетуде. Мұның өзі 1954 жы-лы көрмеге қатысқан қазақстандықтар-дан бес еседі дерлік артық деуге бола-ды. Жаңа экспонаттар — бидай, жүгері баулары, овоцтар, жемістер павильоны-ның ағына үздіксіз келуде.

Павильон қалың бұқарамен тығыз байланысты. Сенгябрьдің жөдімгі бір кү-ніндегі көрініс мынадай болды. Павильон-ға 26 экскурсияшылар тобы келді. Олар Тәжікстан мен Ставропольдан, Өзбекстан мен Москва облысынан, Краснояр өлкесі мен Ульянов облысынан, Қырғыз және Литван ССР-лерінен, Сталинград және Ярославль облыстарынан келген ауыл шаруашылығының қызметкерлері еді. Қазақстаннан Ақтөбенің, Қарағанды-ның, Қостанайдың, Павлодардың қолхоз-шылары, механизаторлары мен совхоз қызметкерлері келді. Быйғы жылы павильонда жалпы саны 50 мың адамға жететін 2.700 топ болды. Ал бәрін қос-қанда бұл уақыттың ішінде павильонға келгендердің саны біржарым миллионнан асты.

Шетелдердегі достарымыз да Қазақ-

стан ауыл шаруашылығы озаттарының жетістіктеріне ықпал аударуда. Павли-онға Индияның, Қытайдың, Польшаның, Чехословакияның, Кореяның, Албания-ның, Францияның, Батыс Германияның, Афғанстанның өкілдері келіп кетті.

Экскурсияшылар Қазақ республикасы-ның павильонына жоғары баға беруде. Ізкір жазатын кітапта ондаған жазулар бар. Сол жазулардың бірінде былай де-лінген: «Біздер — Орехово-Зуево қала-сының жұмысшылары Қазақстан еңбек-шілерінің әсіресе ауыл шаруашылығы саласындағы жетістіктеріне таң қала-мыз». Жазулардың ішінде қазақстандық-тарға, жаңадан қоныстанушыларға тың жерлерді игеруде, жаңа астық фабрика-ларын салуда зор табыстарға жетулеріне тілектестік білдірген сөздер бар.

Павильонның экскурсия жетекшілері үлкен творчестволық жұмыс жүргізуде. Олардың коллективін аға методист Ф. М. Отропенко басқарады. Ол ҚазТАГ-тың тілшісімен әңгімелескенде былай деді:

Біз осында көрсетіліп отырған озат тәжірибе мен көрмеге қатысушылардың жетістіктерін насихаттау және өндіріске енгізу ісін үнемі жақсартуды өзмізге міндет етіп қойып отырмыз. Эскурсия-шылардың әр тобымен әңгіме өткіземіз, озаттардың тәжірибесін қолхоз және сов-

Қолхоз павильонында

Ауыл шаруашылығын механикаландыру және электрлендіру павильонында экскурсияшылар Москва түбіндегі бір озат шаруашылықтың — сыйырды машинамен саууға арналған арнаулы зал жабықталған Мо-лотов атындағы қолхоздың тәжірибесімен танысты. Бұл залда сыйырды сыйыр қорасында механика күшімен сауудағы еңбек өнімділігі үш есе жоғары, ал қолмен сауудағыдан алты есе жоғары. Осы шаруашылықта артезиан скважинасы орнатылған, одан су автоматтық әдіспен жеткізі-леді. Эскурсияшылар мұнарасыз «ВЭ-2,5» су тартатын автоматтық жабдықты зейін қоя қарап шықты. Мұндай бір аппараттың өзі 400 бас ірі қарамалы бар ферманы қамтамасыз ете алады. Көпшілігінде ол 5 тек-шеметрге дейін су тартады.

Павильонда мал шаруашылығы фермаларын сумен қамтамасыз етуге және жеміш дайындауға арналған көптеген басқа машиналарды, сыйыр саууға және мал жайылымдарында сүтті алғаш өңдеуден өткізуге арналған жылжымалы аппараттарды көруге болады. Мұндай бір аппа-ратпен 100 сыйырды қамтуға болады.

(ТАСС).

хоз өндірісіне енгізудің жоспарын талқы-лаймыз.

Қазақстанда быйыл егісті комбайндар-ды топтап жыйнау әдісі кеңінен өрістеді. Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрме-сінде болған механизаторлар осының инициаторлары болды, ол бұл прогрестік әдіс онда кеңінен таралуда. Егіс орағы басталмастан аз уақыт бұрын Бүкілодақ-тық ауылшаруашылық көрмесіне қаты-сушы — Павлодар облысындағы Надаров МТС-інің комбайншысы Петр Музыка көрмеге барып қайтты. Ол көрмеде елі-міздің атақты комбайншыларымен әез-десті, олармен өз тәжірибесін алмасты, олардың тәсілдерін үйренді. Егін жұмы-сына кіріскенде ол тіркелген «Сталинец-6» екі комбайнмен екі мың гектар астық орауға міндеттенді. Егінді топтап жыйнау тәсілін қолданып, П. Музыка көзіндік өзінде-ақ өз міндетмесін орындады. Ол Лозов ауданындағы Буденный атындағы қолхозда 2.060 гектар астық және сүр-лем дақылдарын, тұқымдық шөп орды. Оның бір тәулікте атқарған орташа жұ-мысы жүз гектар дерлік болды. Атақты комбайншы тағы да 500 гектар жаздық дақыл жыйнауға уәде берді.

Қойлардың жүн өнімділігін арттыруда аса көрнекті табыстарға жеткен Павло-дар облысының Бесқарағай қой совхозы өзінің жетістіктерін көрсеткеніне екінші жыл болды. Бұл шаруашылық 1953 жы-лы совет меринасы тұқымда 5.413 қой-дың әрқайсысынан орта мөлшермен алған-да 6,7 килограмм жүн, ал 1954 жылы — 7,8 килограмм жүн қырықты.

Павильондағы экскурсия жетекшілері өндіріспен тығыз байланыс жасайды, олардың өздері ауыл шаруашылығының практикалық қызметкері болып табыла-ды. Мырзахмет Ерманқұлов Қазақ ауыл-шаруашылық институтын бітірген. Ол — Оңтүстік Қазақстан облысындағы Түрк-стан МТС-інің техникалық дақылдар жө-ніндегі агрономы. Өткен жылы, Ерман-құлов жолдас МТС-те жүрген кезінде ол МТС-тің аймағындағы қолхоздар жоспар бойынша 15 центнер жыйнау орына ор-

таша мөлшермен алғанда гектарынан 18-центнер мақта, ал «Бірлік» ауылшаруа-шылық артелі гектарынан 28 центнер шитті мақта өсірген еді.

Ерманқұлов жолдас экскурсия жетек-шісі болып істей жүріп үйренуде, сөйтіп өзінің білімін де молайтуда. Ол Курган-дағы қолхоз ғалымы Т. С. Мальцевтің, Тәжікстан мен Өзбекстанның таңдаулы мақташыларының, еліміздегі мақта өсіре-тін ең ірі «Мақтарал» совхозының ди-ректоры Куликов жолдасын, В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауылшар-уашылық ғылым Академиясының Қазақ филиалының Егіншілік институтының директоры Бараев жолдасын лекцияла-рын тыңдады. Ерманқұлов жолдас көр-меден алған білімдерін Қазақстан қол-хоздарына беруде. Жуырда оның мақта өндірудің озат әдістері туралы мақала-сы облыстық «Ожюно-Казакстанская правда» газетінде жарияланды.

Экскурсия жетекшілерінің енді біреуі — В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауылшаруашылық ғылым Академиясы Қазақ филиалының Егіншілік институ-тының ғылыми қызметкері Георгий Ка-лашников. Ол мұнда қант қызылшасын өңдеу агротехникасын жетілдіру жөнінде-гі еңбегін оған әрі жүргізе беруде.

Қазақ ССР павильонының қол-лективі 1956 жылға өзін-өзі дамыта-тын экспозициялардың жаңа тақырып жо-стары жасалып жатыр. Экспози-циялар саны артады. Республиканың өнеркәсібін көрсетуге, тың және тыңай-ған жерлерді игеру тәжірибесіне көбірек көңіл бөлінбекші болды. Эскурсияшылар уақытының көпшілігін өздерінің ықпал қойған ауылшаруашылық өндірісінің са-лаларына арнауы үшін павильонды көрсету программасы қайта қаралуда.

Қазақ ССР-інің павильоны республика-мыздың ауыл шаруашылық озаттары егістің мол түсімді болуына, малдың өні-мін молайтуға қандай жолмен жеткенін көрнекті айқын мысалдар арқылы үйре-теді және озаттардың өте бағалы тәжіри-бесін көз терітеді. (ҚазТАГ).

Колхоздардағы мәдени-ағарту жұмыстары жақсартылсын

(Редакцияға түскен хаттарға шолу)

Облыс колхоздары шаруашылығының қандай саласы болса да жылдан-жылға өркендеп, колхозшылардың еңбек табыстары молайып, олардың материалдық әл-ауқаты онан әрі жақсарып келеді. Ал материалдық жағдайлардың жақсара түсуі колхозшы шаруалардың арасындағы мәдени-ағарту жұмыстарын жақсартуды, олардың рухани тілектерін толық қанағаттандыруды талап етеді.

Колхоздардағы мәдени жұмыстарды бүгінгі тілекке сай жүргізу үшін қажетті жағдайлар облысымыздың барлық дерлік колхоздарында бар. Мәселен, тек қана Совет ауданының колхоздарында 9 клуб үйлері, 20-дан аса кітапханалар мен оқу үйлері жұмыс істейді. Сол сияқты барлық колхозда да оқу үйлері, клубтар тағы басқа мәдениет ошақтары ұйымдастырылған, жылжымалы киномен қамтамасыз етілген.

Бірақ мәселе колхоздардағы мәдениет мекемелерінің санында болып отырған жоқ, клубтар мен оқу үйлерінің колхозшылар арасындағы мәдени-ағарту жұмыстары қандай дәрежеде ұйымдастырылып отыр.

Көптеген колхоздарымызда мәдениет мекемелері колхозшылардың тілек-талаптарын жан жақты өтеп келеді. Олар өздерінің жұмыстарын күнделікті өмір жаңалықтарымен ұштастыра жүргізеді. Өйткені мұндай колхоздардың басшылары колхоздағы мәдени-ағарту жұмыстарының барысына үнемі назар аударып, қамқорлық жасап отырады.

Алайда істің жайы облысымыздың кейбір колхоздарында мүлдем басқаша болып келеді. Ондай колхоздарда мәдени-ағарту жұмыстары мүлдем қанағаттанғысыз. Оның негізгі себебі — бұл жұмысты жүргізуге клубтар мен оқу үйлері меңгерушілерінің мүлдем жауапсыз қарауы мен олардың колхоздағы мәдени жұмыстарды ұйымдастыруға қабілеттерінің жетіспеуінде.

—Абай атындағы колхозда (Октябрь ауданы), — деп жазды тілші С. Нурғалиев, — оқу үйінің меңгерушісі Исина жолдас өз міндетін атқаруға өте дәрменсіз, колхоздағы оқу үйінің маңызын толық түсінбейді. Оқу үйін жабықтау, оны кітаптармен толықтыру істері жүргізілмейді. Бұл оқу үйі үнемі жабық тұрады. Колхозшылар мен оқушылардың орынды тілектері мен өтініштеріне А. Исина дәрексізден жауап береді.

—«Путь Ильича» колхозындағы (Полудин ауданы) клуб меңгерушісі Быков жолдас өз міндетін дұрыс атқара білмейді. Еңбекшілердің тілек-талаптарын тыңдамайды, клуб үйі күндіз-түні жабық тұрады. Оның өзі толық сауатты емес,

шылығымен шұғылданады. Бұл оқу үйінде жұмыс жоспары жоқ, малшылар мен егіншілер арасында ешқандай мәдени-ағарту, үгіт-бұқаралық жұмыстар жүргізілмейді» — деп жазды тілші Баймашев.

Тілшілер мұндай кемшіліктер Совет ауданының «Аралға», «Ігілік», «Борьба за коммунизм» колхоздарында да кездесіп отырғандығын хабарлайды.

Тілшілер хаттарында колхоздардағы оқу үйлері мен клубтардың іске жауапсыз қарайтын, білім дәрежелері төмен меңгерушілерінің орнына қабілетті, орта білімді адамдарды алуды колхозшылардың талап етіп отырғандығын жазды.

Кейбір колхоздардағы мәдени-ағарту мекемелері жұмыстарының бүгінгі талапқа сай болмай отырғандығын екінші бір негізгі себебі — ондай колхоз басшыларының бұл жұмыстарға жете мән бермеуі болып саналады. Олар колхоз мәдениетінің нығайтын екінші қатардағы мәселе ретінде санап, колхоз шаруашылығынан мәдениет жұмысын бөле қарайды. Мұның өзі еңбекшілердің материалдық әл-ауқатымен қатар олардың мәдениеттілігін онан әрі жақсарту беруді партиямыз кәзіргі кездегі негізгі міндет деп санап отырғандығын жете түсінбеушіліктен болып отыр.

Соның салдарынан кейбір колхоздарда мәдени жұмыстар нашар жүргізіледі, оқу үйлері мен клубтарға арналған үйлерді тұрғын үйлерге, астық қоймаларына, балалар яслилеріне айналдырады. Ол мекемелердің кезінде жөнделуіне, олардың жабықталуына көңіл бөлінбейді.

Мәселен, Абай атындағы колхозда (Октябрь ауданы) жалпы мәдени жұмыстарға мән берілмейді. Оқу үйінің жұмысы төзгісіз нашар. Колхозда радио тобын, электр станциясын орнатуды колхозшылар бірнеше рет талап етсе де оны орындауға колхоз председателі Тоқтамисов ешқандай шара қолданбаған.

«Оқу үйінің жұмысын жақсарту туралы көптеген айтылып жүрсе де «Көктерек» колхозының (Совет ауданы) оқу үйіне арналған үйді ауыл Совет председателі Б. Мұхаметов бірнеше жылдан бері тұрғын үй есебінде пайдаланып келеді. Оқу үйін босатып беру туралы колхозшылардың тілегін орындамады» — деп атап көрсетеді тілші Қ. Әлиев өзінің хатында.

Осы ауданның Каганович атындағы колхоздың бұрынғы председателі И. Котляревко колхоздағы клуб үйін жөндеу ісіне мән бермеді мұндағы оқу үйі тұрғын үй есебінде пайдаланылып отыр, — деп жазды тілші С. Нозлов жолдас.

Ауыл шаруашылығы еңбекшілері ара-

РЕДАКЦИЯҒА ХАТ

Кряжовтың бұйрығымен...

Кряжов Петропавлдағы соқырлар музыка мектебіне директор болып келісімен -ақ:

—Кряжов адам тағдырын бір бұйрықпен шешіп тастай беретін жерінде. Оңына іліксең жақсы, әйтпесе сергелдеңге түстім дей бер, — деген сөздер ере келді.

Сол сергелдеңге түскеннің бірі мен болдым.

1954 жылы мектептің 1 курсында оқып жүрген кезімде дәрігерлер мені Уфа қаласына емделуге жіберді. Оған мектепке оқу жылының аяғында оралдым. Директорға барғанымда, «Быйыл қалып қойдың, 1 септәбрден бастап 1-курсқа қайта оқырсың» — дегенді айтты.

1 септәбрь де келді. Тағы да Кряжовке бардым. Оның жауабы қысқа болды.

—Быйыл мектепке музыкалық қабілеті күштілер қабылданды. Сен оқпай алмайсың.

Оның мұндай заңсыз ісі туралы облыстық әлеуметтік қамсыздандыру бөліміне шағым бердім. Содан кейін ғана Кряжов маған қайтадан комиссиядан өтуге рұқсат етті. Мұның тіпті қажеті жоқ еді. Бірақ мұнда да Кряжовтың есебі толық болып шықты. Оның беделін қорғаған комиссия мүшелері мені оқуға жарамсыз деп тапты. Нағыз сергелдең енді басталды.

ҚКП облыстық комитетінің араласуымен балалар музыка мектебінде қайта комиссия құрылып, ол бұрынғы комиссияның шешімдерін негізсіз деп тапты. Кряжов бұған да мойыған жоқ.

—Әлеуметтік қамсыздандыру министрлігінің бұйрығынсыз қабылдамаймын, — деп мәлімдеді ол. Солай етер ме елі, қайтер еді, егер облыстық партия комитеті қайта араласпаса.

—Дегеніне жеткен екенсің, енді оқып көр, — деді ол, — баян, жатақхана берілмейді.

Амал жоқ, оған да көндік. Бірақ Кряжов оқуға менен 5 күн кейін қабылданған Дробызовқа баян да, жатақхана да берді. 25 септәбрде қабылданған Власовқа да баян берілді. Мектепте бос тұрған баян әлі де бар. Олай болса, Кряжовтың манағы сөзін қалай түсінуге болады? Мұның өзі адам тағдырына жауапсыз қарау емес пе?

С. ҚАЛИМУЛДИН.

Соқырлар музыка мектебінің оқушысы.


«Ленин туының» дабылынан

кейін

«Құрылыста қарқын жоқ»

«Ленин туы» газетінде осы тақырып-

ОБЛЫСЫМЫЗДА



Совхоздардың жұмысшылары мен қызметшілерін қамту мақсатымен ғылыми және саяси білімдер тарату жөніндегі республикалық қоғамның мүшесі лектор Г. Гайнутдинов жолдас Булаев ауданына келді.

СУРЕТТЕ: Қазақтың педагогикалық институтының аға оқытушысы Г. Гайнутдинов жолдас Возвышен совхозы 2-бөлімшесінің қырманьында халықаралық жағдай туралы лекция оқып тұр.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

ҚЫЗЫЛ ТУЛЫ БРИГАДА

Пушкин МТС-нің механизаторлары партияның XX съезі құрметіндегі социалистік жарысты кеңінен өрісте түсуде. Жарыста МТС қамтуындағы «Память Ильича» колхозында жұмыс істеген Федор Ледовских басқаратын трактор бригадасы жаңа табыстарға жетіп келеді. Бригада МТС бойынша егін орағын бірінші болып аяқтады. Бұдан кейін бригада механизаторлары келесі жылдың егісі үшін зябь жыртуға қызу кірісіп, кәзір бригада зябь жырту жоспарын орындауға жуық.

Алдыңғы қатарлы механизаторлар Василий Чумаков 7-9 гектардың орнына, күн сайын 9-10 гектардан зябь жыргып жүр. Комсомолецтер Павел Люткин мен Владимир Друк та айтарлықтай табыстарға жетуді. Олар еңбек майданындағы жетістіктері үшін ҚЛКМ-О Ленин аудандық комитетінің мақтау грамоталарымен наградталды.

МТС дирекциясы бригаданың озат механизаторларына алғыс жариялады. Таңдаулы механизатор Федор Ледовских басқаратын трактор бригадасы МТС-нің ауыспалы Қызыл туын жеңіп алды.

М. ИБРАГИМОВА.

Қосымша ақбі

«Үгітші блокнотының»

жаңа номері

Облыстық партия комитетінің «Үгітші блокнотының» үшінші номері баспадан шықты.

«Әңгіме өткізу үшін материалдар» бөлімінде қалалық партия комитетінің секретары И. П. Полиповтың «СОКП Орталық Комитеті июль Пленумының қарарларын жүзеге асырайық» атты және еңбекшілер депутаттарының Конохов аудандық Совет атқамынның председателі Ф. Я. Филиппенконың «Немазық — мал шаруашылығының өнімділігін арттырудың негізі» атты мақалалары жарияланған.

«Үгіт жұмысының тәжірибесінен» деген рубрикамен Хрущев атындағы астық совхозы партия ұйымының секретары Иванов жолдастың «Үгітшілер — социалистік жарыстың инициаторлары» атты мақаласы және Мамлют ауданы, Калинин атындағы колхоздың «За урожай» қабырға газетінің редакторы Потанин жолдастың «Қабырға газетін біз қалай шығарамыз» деген көлемді мақаласы берілген.

Петропавл ауданы, Сталин атындағы колхоздың бұзау күтушісі Дарья Адамның «Менің бұзау өсірудегі әдісім» деген әңгімесі — «Озат тәжірибе трибунасы» бөлімінде.

«Үгітшіге көмек» бөлімінде В.

КОЛХОЗҒА БАРҒАНДА

Қаладағы ауылшаруашылық техникумының студенттері Совет ауданының «Красный полтавец» колхозына егін жыйнау жұмыстарына көмекке барған болатын. Олар қырман астында астық тазартуда жұмыс істеді. Бірақтар студенттер аңызда саған майлауда қажырлы еңбек етті.

Қырманда астық тазартуда жұмыс істеген студенттер күндік тапсырманы 1,5—2 есе орындап, астықтың дабылдау пункттеріне кезінде жөнелтілуін қамтамасыз етіп тұрды. Әсіресе, Ганса Хоменко, Нина Лысенко, Зина Лохлова және басқалары өздерінің қажырлы еңбегімен көзге түсті. Студенттердің әрқайсысы 20 жұмыс күні ішінде 50-60 еңбеккүн тапты.

Қ. РАХМАТУЛЛИН.

Петропавлдағы №1 Ленин орта мектебінің оқушылары егін жыйнау науқаны кезінде Ленин ауданының «Искра» колхозында жұмыс істеді. Оқушылар қырман басында колхозшыларға жаңа егіннің астығын тазартуға, оны мемлекеттік астық дабылдау пункттеріне жөнелтуге көмектесті.

Колхоз көзір егін жыйнауды аяқтады. Бұл іске оқушылардың қосқан үлесі де зор. Колхозшылар жұмыстың қызу кезінде өздеріне көмекке келген жас көмекшілеріне алғыс ай-

сыяқты, Раевка, Токушин селоларында да клуб үйлерінің жұмысы нашар. Клуб меңгерушілері мұндағы жұмыстарды ойлардай ұйымдастыруға жауапсыз қарайды.

«Булаев ауданындағы Карл Маркс атындағы колхоздағы оқу үйінің меңгерушісі Бекмұхамбетов оқу үйі 10—15 күн бойына жауып тастап, өз шаруа-

Баспасөз тарату қарсаңында

Осы жылдың 1 октябрінен бастап облысымызда баспасөз тарату басталады. Бұған байланысты облыстық партия комитеті облыстық баспасөз басқармасы, темір жол транспортының басшыларымен, ҚЛЖО облыстық комитеті мен қалалық партия комитетінің, облыстық газеттер

талапқа сай жүргізіп, егіншілер мен механизаторлардың мәдени қажетін толық өтеу — аса маңызды идеологиялық жұмыстардың бірі. Сондықтан жергілікті партия және совет ұйымдары мәдени-ағарту мекемелерінің жұмыстарын жаңадандыруға қажетті шараны тезінен жүзеге асыруға тиіс. Бұл — бүгінгі басты талаптардың бірі.

редакцияларының өкілдерімен арнаулы шенеу өткізді.

Кеңесте облысымыздың партия, совет, комсомол және көшіпөздік ұйымдарын кеңінен қатыстыру арқылы баспасөз таратуды осы жылдың 1-ноябріне дейін аяқтау белгіленді.

Б. ӨЗБЕКОВ.

павлазавстрой» тресінің Смирново құрылыс-монтаж басқармасының жұмысындағы кемшіліктер сыналған болатын. Мақалада көрсетілген фактілер негізінен анықталды.

Құрылыс жұмыстарына басшылықты бетімен жібергені үшін құрылыс-монтаж басқармасының бастығы Талдықлин орнынан алынып, бұл қызметке Бондаренко жолдас тағайындалды. Смирново құрылыс-монтаж басқармасының өндірістік-техникалық базасын нығайту жөнінде бірсыпыра жұмыстар істелді. Кәзір мұнда 14 автомашина жұмыс істейді, пилорама, электр станциясы, бетон араластырғыш, ұсатқыш, асфальт қайнатарын қазан және басқа жабдықтар жұмысқа қосылды. Жатақхана үйінің құрылысы аяқталып келеді.

Сталин атындағы колхоздың (Октябрь ауданы) мал өсірушілері мал шаруашылығын өркендетуде айтарлықтай табыстарға ие болды. Кейбір тұлғалар бойынша мал өсіру жоспары артығымен орындалды. Сауыншылар М. Бучеленко, М. Гартман, Н. Яковлева өздерінің қарамағындағы 12 сыйырдың 12 бұзауын аман өсіріп, табынға қосты. Сауын сыйырлардың өнімділігін арттыруда да айтарлықтай табыстар бар. Колхоз басқармасы олардың еңбегін бағалап, әрқайсысына бір-бір бұзаудан қосымша ақы берді. Бұзау өсіруші В. Вороздинаға да қосымша ақыға бір бұзау берілді.

Жылқышылар Г. Рупцов, П. Поляев 43 биеден 32 құлын алып, оларды аман өсірді. Жылқышыларға қосымша ақыға бір-бірден құлын берілмек.

А. СУРАҒАНОВ.

Леонович «Бұлақ» журналының редакциясының жұмысы туралы еңімені қалай өткізу керек» деген консультациясы және «Цифрлар мен фактілер» деген бөлім бар.

«Дүние жүзінің картасы алдында» бөлімінде Борис Петровтың «Болгария Халық Республикасы» деген анықтамасы жарияланған.

Баспа машиналары

Соңғы екі жылда облысымыздың полиграфия кәсіпорындары өсіп нығая түсті. Аудандық баспаханалар жаңа жабдықтармен жабдықталды. Олар тек екі жылдың ішінде ғана 9 баспа машинасын, 5 электр станциясын алды. Соның нәтижесінде аудандық газеттердің басылу сапасы анағұрлым жақсара түсті.

Д. ӨМІРБЕКОВ.

тып, олардың оқу маңдағында жақсы оқуына тілектестік білдірді.

М. БЫҒАЕВА.

Городкиден бірінші орын алу жарысы

«Динамо» облыстық советі бойынша городкиден бірінші орын алу жарысы өткізілді. Оған «Динамо» ерікті спорт қоғамының төменгі физкультура коллективтері қатысты. Городки ойыны командалардың белсене қатысуымен өтті. Әсіресе, финалдық ойын қатты тартыс жағдайында өтті. Городки бойынша бірінші орын алу жарысында қалалық өрт сөндіру командасы бірінші орынды жеңіп алды.

П. МАРКОВ.

«Динамо» облыстық советінің оқу-спорт бөлімінің бастығы.

СЕГІЗ ЖАҢА ҰСЫНЫСТЫҢ АВТОРЫ

Анатолий Павлович Ловягин 1944 жылы СОКП мүшелігіне кандидат болып қабылданды. Бұл жылы ол электротехникумды бітіріп, Вийск қаласындағы ет-консерв комбинатына жұмысқа орналасқан болатын. Техникумда алған теориялық білімін комбинаттағы өндірістік жұмыстармен тығыз оаланыстыра отырып, негізгі мамандығын күн сайын жетілдіре берді. Іздену, үйрену, күнделікті жұмыста кездесетін қиындықты жеңілдету — оның алдына қойған мақсаттарының бірі еді. Жәгері талап, талмай іздену текше кешпей өзінің игі нәтижелерін де бере бастады. Ол 1944—1950 жылдар ішінде өндіріске бес түрлі аса құнды жаңалықтар енгізді. Бес жаңалықтың авторы оған мыңдаған сом ақшалай сыйлық берілді. 1947 жылы өндіріс оазаты, жаңалық тапқыш, партия кандидаты Анатолий Павлович Ловягин СОКП мүшелігіне қабылданды. 1952 жылы Ловягин партиялық жолдамамен одақтары ең ірі ет комбинаттарының бірі — Петропавл қаласындағы А. И. Микоян атындағы ет-консерв комбинатына келді.

Басқа қала, ірі өндіріс орны, жаңа жолдастар болса да о мұнда да еңбек ету қарғынын бөсеңдеті қойған жоқ. Қайта жаңа жерде жаңаша жұмыс істеуге ол құлшына түрті. Комбинатта творчестволық инициативаны тоқтаусыз дамыта беруге мүмкіншілік бар еді. Электротехник Анатолий Павлович мұнда да рационализаторлық ұсыныстар енгізе бастады. Мұндай ұсыныстың алғашқысы ол 1953 жылы енгізді. Оған бұл ұсынысты ойлауға мына жағдай себеп болды.

Комбинатта шұжық, консерв тағы басқа да ет тағамдарын жасау үшін күніне бірнеше жүздеген мал сойылып жатады.

Сойылған малдың етінен терісін ажыратып алуға бірнеше қолайсыздықтар және қиындықтар кездесіп жүрген еді. Ловягин бұл қиыншылықтарды жоюдың жаңа жолдарын қарастыра бастады. Ол қиындықтар негізінен мынадай болатын: малды сойған кезде теріге ет, май араласып кете беретін. Мұны шөл деп атайды. Осы шөл біріншіден, былғары заводтарының жұмысына нұқсан келтірсе, екіншіден едәуір өнімнің шығын болуына әкеліп соқты. Анатолий Павловичті көп ойландырып, көп толғандырған осы жағдай еді. Ол осы кемшілікті жоюдың жаңа жолдарын қарастырып іздене бастады.

Творчестволық ізденудегі мақсатты ой мынаған әкеліп тіреді: мал терісін сыдырып алатын электромеханизм моторы қандай малдың терісін сыдыратын болса да, өне бойы бір қалыпты айналады өкен. Ал малдың арық-сөмзігі әртүрлі. Сондықтан да арық мал мен сөмзі малдың терісін сыдыруға өзіне лайықты әртүрлі жылдамдық, қозғалыс керек болды. Бұл жағдайды реттеу үшін мотор қозғалысындағы жылдамдықтарды әртүрлі күйге келтіріп тұратын арнаулы тетіктер орнатуға, ол тетіктердің автоматты түрде жұмыс істеуіне жетісу керек.

Бұл ой жүзеге де асты. Чертеждер мен схемалар жасалып, әрбір бес минут «жылдамдықты басқарушы және реттеуші» деп аталатын жаңа аппарат жұмысқа қосылды. Ловягин аппаратты іс үетінде бірнеше рет өзгертіп, жетілдіре берді. Ақыры аппарат мал терісін ажыратуда малдың арық-сөмзігіне байланысты мотор айналымы V_1 ден (алғашқы жылдамдықтан) V_2 ге дейін (соңғы жылдамдық) автоматты түрде қозғалатын болды. Яғни тері ажырататын жаңа машина сегіз малды сойғанда баяуырақ, арық

малды сойғанда жылдамырақ айналатын болды. Өндірістік сынақта жаңа мотор механизмі өзінің аса тиімді екендігін көрсетті. Жаңа механизм өндіріске енгізілгеннен кейін автордың бұл ұсынысына ақшалай көп сыйлық берілді.

Анатолий Павлович Ловягин екінші жаңалығын өндіріске 1954 жылы енгізді. Ол жаңалық компрессор цехындағы тоңазытқыш бөлімшесіне қондырылды. Бұл жаңалықтың өндіріске енгізілуіне себеп болған жағдай мынау: тоңазытқыш бөлімшесіне бір күні қажетсіз газдар толып кетті. Вентилятор айтарлықтай жұмыс істей алмады. Жұмысшылар газдың ұнамсыз иісіне шыдамай, жұмыс орнын тастап, асығыс далаға шығуға мәжбүр болды. Ал қозғалыста тұрған моторлар мен механизмдер басқарусыз қалғандықтан олар бүлініп, қыйрап екі-үш күнге дейін жұмыссыз тұрды. Қыйраған көптеген механизмдерді қайта жөндеуге, кейбіреулерін жаңадан орнатуға тура келді. Оның үстіне басқа цехтарға дайын өнім берілмей, комбинаттың жалпы жұмысына кедергі жасалды. Шынында да цехтың бұл бөлімшесі өте ұқыптылықты керек қылатын. Онда бірнеше ұлы газдар да қолданылады.

Цех бөлімшесіндегі осындай ішкі жағдаймен толық танысып алған Анатолий Павлович бұған да бір өзгеріс енгізуді ойлады. Ол егер тағы да авария кездесе қалса, онда электр қуатын өзі сырттай автоматты түрде үзетін жаңа рычаг орнатты. Айталық цехта ұлы газдар көбейін қатер төне қалса, жұмысшылар цехтан шықпаша сырттағы автоматты рычаг электр қуатының дереу тоқтатылуын камтамасыз етіп, механизмдер қозғалысын болдырмайды. Осындай жаңа аппарат орнатылғаннан кейін де бірнеше рет

қатерлі жағдайлар кездесті. Бірақ әлгі аппараттың жәрдеммен әуелгі баста кездесіп келген кемшіліктерінің болуына жол берілмеді. Автордың бұл ұсынысы да қолдау тауып, өндіріске енгізілді. Оған коллектив көп алғыс айтты.

Смена аяқталған кез. Қызыл бұрыш үйінде жыйналыстың басталғанына бір-жарым сағаттан асып жетті. Бірақ, үзіліс жариялана қойған жоқ. Өйткені жыл нәлысқа қатысушылар өндірістік мәселені бара-бара қызу өңгімеге айналдырып жіберді. Әрқім өз үлесіндегі жұмыста болған табыстары мен кемшіліктері туралы сөз қозғап жатыр. Өңгіме аяғы өндірісті оған әрі жетілдіру, көптеген процестерді механикаландыру, қол еңбегін мүмкіншілігі болғанша жеңілдету тусу мәселесіне аутарылды. Манадан бері көпшілік сөзін ұйып тыңдап отырған, бірақ өзі өңгімеге араласа қоймаған Степан Сергеевич Лозенко былай деп өз пікірін білдірді:

—Комбинатта, —деді ол, —он жұмысшының біреуі жаңалық тапқыш десем қателеспесің. Жағдай солай бола тұрса да, мына қолдармен істейтін жұмыс (ол алақанның жайып көрсеті) бастан асып жатыр. Мысалға мынаны айтайын: тағам толтырылған консерв сауыттарын бірнеше жұмысшы бір-біріп үлкен жәшікке қолмен салады. Шіркін-ай осы ауыр жұмысты механикаландырып, 20 адам істейтін жұмыстың бұл процесін екі-ақ адам істесе ғой, еңбек өнімділігі қанша арттырылған болар еді. Сонда қол жұмысынан босаған адамдарды басқа үластектерге жіберіп, өнім шығаруы молайтқан болар еді.

Жұмысшылар Степан Сергеевичтің айтқан сөзін ынталана, зейін салып, зор ықыласпен тыңдады. Мұнан кейін көптеген жұмысшылар басқа да жұмыстың түрлерін механикаландырып, кейбір механизмдерді әлі де болса жетілдіре тусуға болатындығын дәлелдеп, оны жүзеге

асырудың шараларын белгілеп жатты. Манадан бері өңгіменің тыңдаушысы болып отырған Анатолий Павлович Ловягин:

—Степан Сергеевич, сіз дұрыс айтамыз. Көптеген қол еңбектерін механикаландыруға болады. Сіздің әлгі айтқан консерв сауыттарын жәшіктерге орналастыру жөнінде автоматты машина жасауға өбден болады ғой деп ойлаймын. Оны жүзеге асыруды, барлық мүмкіншілікті қолдана отырып, мен өзіңізді көрейін, —деді.

Жыйналыс өткеннен кейін көптеген жұмысшылар, бұрынғы өнертапқыштар мен жаңалық ұсынұшылар творчестволық ізденудің жолын қарастырумен болды. Оларды тың пікір, жақсы ойлар мазалады. Осындай мазасы ой Анатолий Павловичке де тыныштық көрсетпеді. Есіл-дергі конвейерден минут сайын келіп түсетін 70-тен астам консерв сауыттарын қолмен емес, автоматты механизм арқылы жәшікке салуға жетісу, жұмысшылар еңбегін жеңілдетіп, еңбек өнімділігін арттыру болды.

Ал оған қалай жетісу керек? Ол үшін не істеу керек? Мүмкін экскаваторға ұқсас бір машина жасау керек шығар? Жоқ, ол болмайды. Өйткені оның орасан шығырманы көп. Тиімі де шамалы болады. Оған қоса, ондай механизм жасайтын уақыт, мүмкіндік, материал, жабдық қайда? Ендеше ол болмайды. Мүмкін консерв сауыттары салынатын жәшікті транспортерге жақындата қоюға болатын шығар? Өйткені оған ешқандай қиындық кездеспейді ғой. Жоқ, ол да болмайды. Өйткені лайындалған өнімді бұзып-жарып, жәшікке тәртіпсіз төле салуға тағы болмайды. Осы сыяқты көптеген ойлар, бірнеше пікірлер бір-бірі соң бірі мазалап жатты. Бірақ олардың бірде-бірі негізгі мақсатты жүзеге асыруға жарамайтын еді.

Бешкі сағат 10. Анатолий Павлович Ловягин күндегі дағдысымен үйде тех-

никалық кітаптарды алдына жыйып алып, қолына физика оқулығын алды. Беттерін түгендеген кісіше аударыстырып отырғанда электромагнит тақырыбына жазылған бет және ол туралы салынған сурет, оны кенет терең ұйқыдан шошылтып оятқандай болды. «Тура тұр..., Таптым... Таптым...» деді ол өзіне өзі күбірлеп. Ия, Анатолий Павлович шынында да тапқан еді. Нені? Консерв сауыттарын үлкен жәшіктерге өзі автоматты түрде салатын жаңа машинаның құрылымын.

Ертеңіне цехқа келді. Слесарь Степан Сергеевич Лозенко екеуі жаңа машинаның жобасын қағазға түсірді. Чертеждерін сызып, схемаларын салып, екеуі бірнеше күн әуреленіп, алғашқы жобаны сынаққа салды. Жаңа аппарат құрылысы былайша жасалған болатын: диаметрі 1470 миллиметр шеңбер доңғалақ темір, шеңбер ортасына жуандығы 100 номерлі изоляцияланған Мыс сынтаемір оралған болат электромагниттері орналас тырылған. Ол изоляцияланған мыс сынтаемірге айнымалы электр тогі жіберілгенде магниттік өрісте электромагнит пайда болады. Ол электромагнит қран көлемі консерв салынатын жәшік көлемімен бірдей өлшемінін жасалған. Электромагнитке рычагті ашып электр қуатын жібергенде, ішіне тағам толтырылған консерв сауыттары электромагнитке жабысады. Оны жәшікке ешқандай қиындықсыз сала салуға болады. Сойтіп бұрын 15—20 адам істейтін жұмысты енді екі-ақ адам атқарады.

Бұл ұсыныс техникалық бюрода қабылданып, сынақ үстінде жақсы нәтиже көрсетті. Автор жаңалығы еңбек өнімділігін бірнеше есе арттыруға, 18 адамның қол күшін басқа үластектерге ауыстыруға мүмкіндік берді. Бұл техникалық прогресс жолына коммунист Анатолий Павлович Ловягиннің қосқан елеулі үлестерінің бірі болып табылады.

Н. ЕСИМОВ.

БҰҰ Бас Ассамблеясының X сессиясында

26 сентябрьдегі таңертеңгі мәжіліс

НЬЮ-ЙОРК, 27 сентябрь. (ТАСС). БҰҰ Бас Ассамблеясының шешегі таңертеңгі мәжілісінде жалпы саяси дискуссия тағы да жүргізілді.

Бірінші болып Чили өкілі Рудесинда Ортега сөйледі. Ол БҰҰ бүкіл қызметінде, « ең алдымен біздің өзіміздің біріктіріп отырғанын атап көрсетіп, нендей нәрсе ажыратып отырса, соны болдырмау керек» екенін айтты. Алайда, ол Чили делегациясының пікірінше кәзіргі уақытта Уставқа түбірлі өзгерістер енгізетін шешім емес деп отырып, осының ізінше, БҰҰ Уставын қайта қарау жөнінде конференция шақыруды қатады.

Чили өкілі өзінің сөйлеген сөзінде нашар өркендеген елдерге экономикалық көмек жасау мәселесіне көп орын берді.

Саяси проблемаларды шешу үшін ұлы державалардың арасында шешіссөздер жүргізудің маңызы зор екенін айта келіп, Ортега бұл державаларды өз шешіссөздерінде экономикалық проблемаларға көп көңіл бөлуге шақырды.

Мұнан кейін сөз сөйлеген Югославия делегациясының басшысы Коча Попович «быйылғы жылы біз бас қосып отырған шешегі жағдай БҰҰ өмір сүрген он жылдың ішіндегі бұрын соңды болған жағдайдың бәрінен әлде қайда жақсы» екенін атап көрсетті.

Австриямен мемлекеттік Договордың жасалуы, — деді ол, «аз дегенде соғыстан кейінгі шиеленістің шыға беретін негізінің бірін жойды».

Азия мен Африка елдерінің Бандунгтегі конференциясы деді тағы да Югославияның өкілі, «көзқарастары әртүрлі мемлекеттердің арасында белсене ынтымақ құруға болатындығының практикалық үлгісі болды және осы екі жас континенттің халықаралық күштердегі ролі өсіп отырғандығының маңызы дәлелі болды».

Попович төрт державаның үкімет басшыларының Женевада болған кеңесінің халықаралық шиеленісті бәсеңдетудегі маңызы ролін ерекше атап өтті. Быйылғы жылдың халықаралық оқиғаларының аса маңызы нәтижесі «халықаралық істердегі мүдденің жеткілікті жаппай бәсеңдеуі және мәселелерді шешуге ашық ниетпен, ынтыласу рухымен желуді тілеушілік болды», деді ол, кәзіргі уақытта, деді Попович, «халықаралық қатынастардың жаңа формалары өріс алып келеді».

Осының бәрі, деді тағы да Югославияның өкілі, өрине, дем береді және зор маңыз алады. Бірақ бұл да жеткіліксіз. Жаңдайдың өзгеруін түпкі мақсатқа жеткендік деп қарауға болмайды. Халықаралық қатынастар та-

отырып, талқылауға болатын жағдай тұты; сондықтан, сірә, осы міндетті қоятын да уақыт жеткен болса керек. Осы бағытта біздің қолымыз жететін прогрестің қандай болса да, өз тарапынан халықаралық климатты оған әрі жақсартумен аяқталады. Мұның өзі шұғыл проблемаларды шешуде жаңа адым жасау мүмкіншілігін туғызады.

Бір қуанышты нәрсе сол, деді Югославия делегаты, тіпті жуырда ғана кейбір топтар соншалық қуанданып тіпті күдіктеніп қараған қатар өмір сүру принципі көңіл түрде қуатталып қана қоймай, сонымен бірге неғұрлым кең қолданылуға. Сондықтан біз жұрттың бәрі халықаралық жағдайдың өзгеруі нәтижесінде болып отырған мүмкіншілікті пайдаланып, осы жақсарып отырған жағдайдан пайдаланып бейбітшілікке көшуді қамтамасыз етуге шақырамыз. Мұнда БҰҰ басты рөл атқаруға тиіс. Халықаралық ынтымақ принциптеріне негізделген ұйымның мүмкіншілігі неғұрлым зор және ол принциптерді қолдануға іс жүзінде мүмкіндік туып отырғанда және оны кейірге қалдырмай қолдану керек болып отырғанда ерекше зор жауапкершілік атқарады.

Попович соңғы жылдың ішінде халықаралық жағдайдың жақсаруы арқасында «дем берерлік оқиғалар болғандығын», қарусыздану проблемасына қатысы бар қарарлар қабылданғанын айтты, бүкіл дүние жүзінде бейбітшілік пен хаушсіздікті қамтамасыз ету үшін бұл проблемалардың маңызы орасан зор екенін атап көрсетті.

Попович төрт держава үкіметтері басшыларының Женева кеңесінде және БҰҰ Карусыздану жөніндегі комиссиясының көлемші комитетінің мәжілістерінде қарусыздану проблемаларын шешу ісіне бағалы үлес қосылғандығын айтты.

Ол кәзіргі уақытта бұдан былай жаңаталаса қарулануды тоқтату, қару-жарақпен қарулы күштерге жұмсалатын шығындарды көбейтпеу жөнінде шешімге көлу керек деп ұсынды. «Бұл жөнінде кейбір елдердің ілгерілей түсіп, өзінің қарулы күштерін немесе соғыс бюджеттерін азайта бастағандығы туралы фактінің өзі осындай адым жасауға жағдайдың туғандығын дәлелдемей ме?» — деді Попович.

Попович БҰҰ-ның әлі универсалды бола алмай келе жатқанын айтты. Өйткені мұнда осы уақытқа дейін көп елдер өкілдік алмай келеді. Ол Қытай Халық Республикасының БҰҰ-дағы заңды праволарын қалпына келтіруді, халықаралық статутты шыңдығында ешқандай күман туғызбайтын барлық кандидат елдерді БҰҰ-ның мүшелігіне қабылдауы

мақ жасау арқылы бейбітшілікті нығайтуға мүмкіншілік бар екендігіне және солай ету қажет екендігіне шексіз сенуге негізделеді деп атап көрсетті.

Біздің бұл саяси бағытымыз АҚШ-пен, Англиямен, Франциямен және дүние жүзінде көптеген басқа елдермен достық, жемісті ынтымақ құруымыздан да көрініп отыр, деді Попович. Мұның өзі көп уақыттан бері Европадағы неғұрлым хаушсіздік пункттердің бірі болып саналып келгені туралы мәселені реттеуге біздің қосқан үлесімізден де көрініп отыр; мұның өзі Балканды және Грециямен, Туркиямен ынтымақтасудың кең системасын ұйымдастыруға біздің белсене қатысуымыздан да, Европа ынтымағының неғұрлым кең системасын құруға және оған қатысуға біздің ұмтылып отырғандығымыздан да көрінеді.

Саясаттың осы бағытпен бара жатқанына біздің жуыриа Совет Одағымен және басқа Шығыс Европа елдерімен қатынасты едәуір жақсартқандығымыз да дәлел, мұның өзі Европада шиеленістің туатын көздерінің бірін жою ісіне маңызды үлес қосып, оның орнына теңправолылық пен өзара құрметтеу принциптеріне негізделген конструктивтік ынтымақ орнатқанға екенін жұрттың бәрі көзір мойындап отыр.

Таңертеңгі мәжілістің соңында Ирактың өкілі Джемали сөз сөйледі. Ол өзінің негізгі белегін халықаралық шиеленісті бәсеңдету ісінде Азия мен Африка елдерінің Бандунгтегі конференциясы, төрт державаның үкімет басшыларының Женевадағы кеңесі және атом қуатын бейбітшілік мақсатқа пайдалану жөніндегі халықаралық конференция иілікті рөл атқарғандығын баяндауға арнады.

Джемали Ассамблеяның назарын Тунис, Марокко және Алжир мәселелерін неғұрлым тез шешу қажет екеніне аударып, Ассамблея «барлық отар және езілген халықтар үшін өзін-өзі билеу принципін қолданудың, сөйтіп, оған соң отаршылдықты біржолата жоюдың» мерзімін анық көрсететін болсын деп ұсынды.

Ирактың делегаты президент Әйзенхауэрдің толық мәліметтерін алысып отыру туралы және ССРО мен АҚШ-дың жерлерінде аэро-фото сурет түсіру туралы ұсынысын қуаттап, сонымен қатар қару-жарақты азайтуды, атом қаруын жоюды және халықаралық инспекция мен бақылаудың пәрменді системасын орнатуды жақтады. «Қару-жарақты азайтудан үнемделген қаржы, — деді ол, — экономикалық жағынан нашар өркендеген елдерге көмек жасауға арналуы

Чехословак Республикасының Австриямен мемлекеттік договорға қосылуы туралы бекіту грамотасын ССРО Үкметінің сақтауына тапсыруы

1955 жылғы 28 сентябрьде ССРО Сыртқы Істер Министрлігінде Сыртқы Істер Министрінің орынбасары В. А. Зорин тәуелсіз және демократиялық Австрияны қалпына келтіру туралы 1955 жылғы 15 майда Венада қол қойылған мемлекеттік Договорға Чехословак Республикасының қосылуы жөніндегі бекіту грамотасын Чехословак Республикасының ССРО-дағы Төтенше және Полномочилі Елшісі Я. Вошагшиктен қабылдап алды.

Жоғарыда көрсетілген грамота, жоғарыда аталған мемлекеттік Договордың 37-ші статьясына сәйкес, ССРО Үкметінің сақтауына тапсырылды.

Грамотаны сақтауға тапсырған кезде мыналар болды:

Совет жағынан — ССРО Сыртқы Істер Министрлігінің Договор-Право бөлімінің меңгерушісі Г. И. Тушкян, төртінші Европалық бөлім меңгерушісінің міндетін атқарушы П. Г. Брекотень, А. Л. Лаптев.

Чехословак жағынан — Чехословак Республикасының ССРО-дағы Елшілігінің кеңесшісі В. Вацата, Елшіліктің бірінші секретары М. Покорный, Елшіліктің екінші секретары Я. Гонзал.

ГФР сыртқы істер министрі Фон Брентаноның АҚШ-қа келуі

НЬЮ-ЙОРК, 28 сентябрь. (ТАСС). Герман Федералдық Республикасының сыртқы істер министрі фон Брентано кеше Нью-Йоркке келген. Баспасөздің хабарына қарағанда, фон Брентано АҚШ-тың басшы қайраткерлеріне ГФР мен ССРО Үкмет делегацияларының Москвада жүргізілген келіссөздерінің барысы мен нәтижелері туралы хабарлайды. Ол сонымен қатар АҚШ, Англия және Франция сыртқы істер министрлерінің сепараттық кеңесіне қатыспақшы, бұл министрлер төрт сыртқы істер министрінің Женевада болатын алдағы кеңесінде үш батыс державасының ұстайтын позициясын шексіз алу ниетін көздеуде.

Ирак-Туркия келіссөздері жайында

ССРО Жоғарғы Советі делегациясының Югославияға баратын сапары туралы

Югославия Одақтық Халықтық Скупщинасының Председателі Моша Пьяде жолдас ССРО Жоғарғы Советі Одақ Советінің Председателі А. П. Волковтың және ССРО Жоғарғы Советі Ұлттар Советінің Председателі В. Т. Лацетінің атына хат жіберіп, бұл хатта Югославия Одақтық Халықтық Скупщинасының делегациясына Совет Одағында жылы шырайлы қосмет көрсетіліп, көңіл бөлінгені үшін алғыс айтқан, сонымен қатар Одақтық Халықтық Скупщинаның атынан ССРО Жоғарғы Советінің делегациясы Югославияға келуге шақырылған.

Хатта бұдан кейін былай делінген: делегация Югославияда болған кезінде Югославия Одақтық Халық Скупщинасының қонағы болады және Федерацияның барлық Халық Республикаларындағы тұрмыс жағдайымен, сондай-ақ одақтық құрылыспен және мекемелермен таныса алады.

Хаттың қорытындысында М. Пьяде жолдас ССРО Жоғарғы Советі делегациясының Югославияда болуы Совет Одағы мен Югославия арасындағы достық қатынастары оған әрі дамыту үшін едәуір пайда келтіреді деп көміл сенетінін білдірген.

Одақ Советінің Председателі А. П. Волков пен Ұлттар Советінің Председателі В. Т. Лацеті М. Пьяде жолдасқа хат жолданды. Онда былай делінген:

«Біз ССРО Жоғарғы Советінің делегациясын Югославияға болуға шақырған Сіздің хатыңызды алдық.

Совет туристері Венгрияда

БУДАПЕШТ, 28 сентябрь. (ТАСС). Венгрияда жүрген совет туристері елдің өмірімен әлі де танысуда. Туристерге өте көлемді программа ұсынылып, бұл программада театрларда, музейлерде, стадиондарда, тарихи ескерткіштерде, тағы сондайларда болу көзделіп отыр. Программа туристердің мүдделерін ескере отырып, жасалды.

Туристер Венгрия мен ССРО-ның бірінші құрама командалары арасындағы халықаралық футбол жарысында болды. Олар су бассейндері мен сауық орындары бар Дунайдағы Маргит аралында болды. Техань түбегіндегі (Балатон көліндегі) «венгерлік қырымға» барған сапар өте көңілді өтті. Туристер жол бойында бір-қатар қалалар мен селендерде тоқтады. Соның ішінде, атап айтқанда, Секешхервар қаласында 1038 жылы салынған храмды аралап көрді. Техань түбегінде қонақтар бүкіл күн бойы болды.

ССРО Жоғарғы Советінің атынан бұл шақыру үшін Сізге алғыс айтамыз және бұл шақыруды қанағаттанғандықпен қабыл аламыз.

ССРО Жоғарғы Советі делегациясының Белградқа келетін мезгілі туралы, оның Югославияда болатын мерзімдері туралы, сондай-ақ делегацияның сан құрамы туралы Сіздің ұсыныстарыңыз біздер үшін қабылдауға әбден болатын ұсыныстар болып табылады.

ССРО Жоғарғы Советі делегациясының Югославия Федерациялық Халық Республикасында болуы да, Югославия-ЮФХР Одақтық Халықтық Скупщинасы делегациясының Совет Одағында болғаны сияқты, біздің елдеріміз арасындағы достық пен жан-жақты ынтымақты оған әрі дамытып, нығайтуға атсалысады деп көміл сенетінімізді білдіреміз».

ССРО Жоғарғы Советінің делегациясы Югославияға бару үшін мынадай құрамда тарайындалды: делегацияның басшысы — ССРО Жоғарғы Советі Одақ Советінің Председателі А. П. Волков, делегацияның мүшелері — ССРО Жоғарғы Советінің депутаттары Н. Е. Авхимович, В. С. Балакина, П. В. Бельков, А. Ф. Гармашев, И. Т. Гришин, А. Л. Гуния, И. Е. Замчевский, О. И. Иващенко, А. Е. Корнейчук, И. М. Братенко, Н. Ф. Льюкин, Я. В. Пейве, М. Э. Прошунин, М. Султанова, Е. А. Фурцева, А. Н. Шелепин.

Делегация Белградқа 3 октябрьде жүріп кетеді.

Совет туристерінің Венгер Халық Республикасында болған әрбір күні өте көңілді және мазмұнды өтуде. Туристердің бір тобы — жазушылар өдерінің венгер әріптестерімен кездесті. Олар бір-біріне өздерінің жұмыстары туралы айтты, өздері көңіл бөліп отырған көп мәселелерді әңгімеледі. Географтар тобы елдің әртүрлі түшкірлеріне барып қайтуды. Туристердің құрамында сонымен бірге совет спорт қорамдарының қызметкерлері де бар. Олар кәсіподақтардың 10 спорт бразасын аралап көрді.

Теллерге тауында болу туристерге зор әсер етті, мұнда Венгрияны азат ету жолындағы күресте қаза болған совет жазушыларын еске түсіру ретінде бостандық статуюсы орнатылған.

Совет туристері ендігі қалған күндерінде елдің әртүрлі аудандарына барып, бірнеше өскерткіштерді қарап қайтатын

анып келетін. Біз бұл қатынастардың түр-
лыс бағытпен дамып бергеніне сенімді
болуымыз керек. Басқа сөзбен айтқанда,
жалпы алғанда дүние жүзін екіге бөліп
отырған негізгі проблемаларды табыққа
жетудің белгілі мүмкіншіліктерін ескере

27 сентябрьдегі күндізгі пленум мәжілісі

НЬЮ- ЙОРК, 28 сентябрь. (ТАСС). 27
сентябрьдегі күндізгі пленум мәжілісінде
Бас Ассамблеяның күн тәртібін бекіту
жұмысы оған әрі жүргізілді. Эттипеттін
өкілі Фавзи БҰҰ-ның талқылауына араб-
азиялық елдердің бір тобы енгізген Ал-
жир туралы мәселе Ассамблеяның күн
тәртібіне енгізілмесін деген Бас Коми-
теттің жөнішілігі қабылдаған ұсынысқа
қарсы шықты. Фавзи былай деп аған
көрсетті: Алжир мәселесін талқылаудан
бас тарту емес, қайта тек бұл мәселені
халықтың тең паровольтық принципі және
өзін-өзі билеу правосы негізінде
шешу ғана Алжир мен Франция арасында
достық қатынастар орнату үшін қажетті
жағдай тудырады. Фавзи Францияның
Алжир мәселесінде ұстаған позиция

Югославия делегациясының басшысы
Югославияның саясаты БҰҰ Уставының
принциптері негізінде, саяси және әлеу-
меттік системаларының қандай болғанына
қарамастан, барлық елдермен ынты-

сын отарлық өзүшілік саясатының сый-
патты белгісі деп айыптады. Ол Бан-
дунг конференциясына қатысқан 29 ел-
дің Алжир халқының ынты-зар мүдде-
лерін бірауыздан қостағанын еске сал-
ды.

Сирияның, Пәкістанның, Практың және
Сауд- Аравиясының өкілдері де Бас
Комитеттің ұсынысына қарсы шығып,
Алжир мәселесін Бас Ассамблеяның күн
тәртібіне енгізуді жақтады.

Сирияның өкілі Рафик Аль- Ашаа бы-
лай деп мәлімдеді: «Алжир мәселесін күн
тәртібіне енгізуге қарсы дауыс беруші-
лер империализмнің және отарлық өзү-
шіліктің одақтасы ретінде қыймыл жа-
сап отыр». Ол Қурама Штаттар өкілінің
Алжир мәселесін БҰҰ-да талқылауға Бас

дүниежүзілік қорға қосылған болар еді».
Мұнымен бірге, Джемали бейне бір
«коммунистік әрекеттер халықаралық
шпиеленістің қайнар көздерінің бірі бо-
лып отыр- мыс» деп дәлелдеуге тырыс-
ты.

Комитетте қарсы дауыс бергені жөнінде
қыйылылатынын білдірді. Сауд- Аравия-
сының өкілі былай деп атап көрсетті:
«бір ел басқа елден алған қарудың жәр-
деммен үшінші елдің патриоттарын құр-
тып отырған», мұндай жағдайды Фран-
цияның ішкі ісі деп қарауға болмайды.

Голландия мен Колумбияның делегаты
Алжир мәселесін талқылау Францияның
ішкі істеріне БҰҰ-ның араласқандығы
болар еді-міс және Алжирдегі жағдайды
шпиелендіруге әкеліп соқтырған болар
еді-міс деген сылтау айтып, Алжир мә-
селесін Ассамблеяның күн тәртібіне ен-
гізуге қарсы шықты.

Бұл мәселе жөніндегі дискуссия Ас-
самблеяның 29 сентябрьдегі күндізгі
пленум мәжілісінде оған әрі өткізіледі.

ҚАТЫСУЫ

ТЕГЕРАН, 28 сентябрь. (ТАСС). «Фер-
ман» газеті былай деп хабарлайды:
«Туркияның президенті Джемаль Байр-
дың Иран үкіметінің ресми өкілдерімен
және шахпен жүргізген келіссөздері ке-
зінде Туркия мен Иран арасындағы са-
яси, әскери және экономикалық ынтымақ
мәселелері талқыланды». Екі елдің ара-
сында, деп көрсеткен газет, ынтымақ
жайында пікірлерді біріктіруге қол жет-
ті, ал Иран «орташықтық қорғаныс
ұйымына», яғни соғыс блогін құру жос-
парларына «қатысуға принципінде келі-
седі».

ТЕГЕРАН, 28 сентябрь. (ТАСС). «Се-
дае мардом» газеті 26 сентябрьде былай
деп жазды: «соңғы күндерінің ішінде
Туркия мен Иран басшыларының ара-
сында бірлескен қорғаныс договорын жа-
сасу жайында жүргізілген келіссөздердің
нәтижесінде принципті келісімге қол
жетті, бірақ договордың толық тексті әлі
жасалып болмағандықтан, оған қол қою
біраз уақытқа кейінге қалдырылды».

чанкайшилдіктердің қарақшылық әрекеттері

ЛОНДОН, 28 сентябрь. (ТАСС). Рейтер
агенттігінің хабарына қарағанда, және
чанкайшилдік екі самолет Сватоудан бір-
неше миль жерде судағы салмағы 3394
тонналық «Хой Хоу» дейтін Норвегия-
ның жүк кемесін атқылаған. Атқылау-
дың салдарынан экипаждың екі мүшесі
өлген және басқа екі адам, соның ішінде
кеменің капитаны жараланған. «Хой
Хоу» кемесінің екінші механигі Кнут
Иохансен былай деп мәлімдеген: чанкай-
шилдік самолеттер, кемеді Норвегия жа-
лауының айқын көрініп тұрғанына қа-
рамастан, ешбір әскертусіз атқылады.

«Хой Хоу» кемесінің зияндалған ақау-
ларын тексеріп жөрген Гонконгтегі нор-
вег консулі чанкайшилдік самолеттердің
кемені атқылауын «қарақшылық ша-
буыл» деп атаған.

Англияда қымбатшылықтың артуы

ЛОНДОН, 28 сентябрь. (ТАСС). Лондон
газеттерінің бүгін хабар еткеніндей, осы
аптаның аяғында Англияда сары май-
дың, жаргонның және басқа кейбір өнім-
дердің бағасы арттырылады. Мұның үс-
тіне, мебельдің бағасы 5 процент арта-
ды деп күтілуде. Сонымен бірге әлектер
қуатының тарифтері де арттырылуда.

1929 жылғы Варшава конвенциясына өзгертулер енгізу жөніндегі халықаралық конференцияның аяқталуы

ГААГА, 28 сентябрь. (ТАСС). 1929
жылы Варшавада қол қойылған халық-
аралық әуе тасымалдары туралы конвен-
цияға өзгертулер енгізу жөніндегі ха-
лықаралық конференция және Гаагада
өзінің жұмысын аяқтады. Конференцияға
қатысушылар, соңғы он жылдың ішінде
азаматтық авиацияның дамығанын еске-
ре отырып, жоғарыда аталған конвен-

цияға өзгертулер енгізу туралы протокол
дың жобасын қарады.

Бүгін Гаагада конференцияға қатыс-
қан елдер өкілдерінің протоколға қол қою
салтанаты болды.

Конференцияда қабылданған қарарға
сәйкес протокол мен Варшава конвенция-
сының депозитариі (сақтаушысы) Поляк
Халық Республикасының үкіметі болады.

Францияның жалпы еңбек конфедерациясының 60 жылдығы

ПАРИЖ, 28 сентябрь. (ТАСС). Фран-
цияның ең ірі кәсіпқандық бірлестігі —
жалпы еңбек конфедерациясының құрыл-
ғанына бүгін 60 жыл толады. Жалпы
еңбек конфедерациясы француз жұмыс-
шы табының праволарын қорғау үшін
қажырлы күрес жүргізіп келді және әлі
де жүргізе береді. Еңбекшілердің эко-
номикалық талаптарын қанағаттандыру

жолындағы күреспен ғана тынбай, жал-
пы еңбек конфедерациясы басқа да про-
гресшіл ұйымдармен бірге елдің бейбіт-
шілігін, бостандығын және ұлттық тәуел-
сіздігін белсене қорғаушы болып отыр.
Ол жұмысшы қозғалысының бірлігін ны-
райтуды жақтап, бұл бірлікті жұмысшы
табының өз праволары үшін ойдағыдай
жүресуінің кепілі деп әділ санауда.

Сингапур қалалық транспорты қызметкерлерінің ереуілі

НЬЮ- ЙОРК, 28 сентябрь. (ТАСС). Ас-
социайтед Пресс агенттігі тілшісінің ха-
барына қарағанда, 27 сентябрьде Синга-
пур қалалық транспортының екі мыңнан
аса қызметкерлері ереуіл жасап, соның
салдарынан қаланың өзі және оның тө-

ңірегіндегі алты миль жөлеміндегі барлық
жолдар транспортымыз қалған. Ереуілші-
лер жалақыны арттыруды талап етуде.

Мұның өзі, деп атап өткен тілші, Син-
гапурда быйғыты жылы жарияланған
137- ереуіл болып отыр.

ГДР Халықтық палатасының мәжілісі

БЕРЛИН, 27 сентябрь. (ТАСС). Бүгін
хабар етілгеніндей, және Берлинде Гер-
ман Демократиялық Республикасының
Халықтық палатасының мәжілісі болды.
Мәжілісте Советтік Социалистік Респуб-
ликалар Одағы мен Герман Демократиялық
Республикасының арасындағы қатынастар
туралы Договордың жасалуы жайында
Премьер- Министр Отто Гротеволь үк-
меттік мәлімдеме жасады.

Жарыссөзге шығып сөйлеушілердің

бәрі Отто Гротевольдың жасаған үкмет-
тік мәлімдемесін қуаттады. Халықтық
палатаның фракциялық өкілдері Совет
Одағына ГДР жөнінде достық ниет біл-
діргені үшін алғыс айтты.

Герман Демократиялық Республикасы-
ның Халықтық палатасы Герман Демок-
ратиялық Республикасы мен Советтік
Социалистік Республикалар Одағының
арасындағы Договорды бірауыздан ма-
құлдады.

Қытайда социализмнің жас құрылысшылары слетінің аяқталуы

ПЕКИН, 28 сентябрь. (ТАСС). Бүгін
Пекинде, Хуайжяньтан залында социа-
лизмнің жас құрылысшыларының Бүкіл-
қытайлық слетінің қорытынды мәжілісі
болды. Мәжілісте ҚХР Председателі Мао
Цзэ-дун, ҚКП Орталық Комитетінің мү-
шелері Лю Шао-ци, Чжу Дэ, Чжоу Эн-
лай, Чэнь Юнь, Дэн Сяо-пин, Қытай
мемлекетінің басшы қайраткерлері Сун
Цин-лин, Ли Цзи-шэнь, Хуан Янь-пэй,
Линь Бо-цзюй және басқалары қатысты.

ҚКП Орталық Комитетінің атынан
слетке қатысушылардың алында Дэн
Сяо-пин сөз сөйледі. Ол ҚХР жастарын
өз отанын жанаямай қорғауға, ескіліктің

бәрінен батыл арылуға, қажырлы күрес-
те социализмге жол салуға, марксизм-
ленинизмді тынбастан үйренуге, өздері-
нің болашақты көздеген қиялдарын күн-
бе- күнгі күреспен ұштастыруға, жаңа
техниканы меңгеруге шақырды.

Социализмнің жас құрылысшыларының
слеті ҚКП Орталық Комитетіне және ҚХР
Председателі Мао Цзэ- дунға арнаулы
хат, сонымен қатар Қытайдың жастары-
на арнап үндеу қабылдады.

Редактор **Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.**



«УДАРНИК» кинотеатрында	«ОКТЯБРЬ» кинотеатрында
«СОЛДАТ ИВАН БРОВКИН»	«ДУМАНДЫ ЖЕРДЕ»
Сеанстар кешкі сағат 4-30, 6-40,	Сеанстар кешкі сағат 5, 7, 9 және 11-
8-50 және 11-де басталады.	де басталады.

1956 ЖЫЛҒА БАСПАСӨЗГЕ ЖАЗЫЛУШЫЛАР ҚАБЫЛДАНАДЫ

1956 жылғы 1 октябрьден бастап барлық орталық, республикалық, облыстық және аудандық газеттерге жазылушылар қабылдана бастайды.

Барлық республикалық газеттер мен журналдарға жазылушыларға шек қойылмайды.

Газет, журналдарға барлық аудандық байланыс мекемелерінде, бөлімшелері мен агенттіктерінде, «Союзпечатьтың» барлық аудандық бөлімшелері мен киоскаларында, сол сияқты, ведомстводағы және колхоздағы хат тасушылар арқылы завод, фабрикалардағы, колхоздар мен МТС, совхоздағы және мекемелер мен оқу орындарындағы қоғамдық өкілдер арқылы жазылуға болады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор —1-86, редактордың орынбасары— 1-59, секретариат —1-33, партия және насихат бөлімдері —0-22, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп транспорт бөлімдері—2-36, мәдениет тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері—3-39, корректорлар бюросы—4-39 газет баспасы—5-53, газет табыс етілмесе 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.